**«Әдеп сақтау - адамгершілік әлемі»**
**жұмысы бөлімінің**

***Жұмыс бағдарламасы***
***(мектепалды даярлық топтарына арналған)***

**МАЗМҰНЫ**


| | |
|---|---|
| Түсініктеме | 4 |
| Кезеңдер | 6 |
| Балаларды салт - дәстүр және әдеп - ғұрып сақтау жолдары көрсетілген болашақ жоспар | 7 |
| «Шілдехана» дәстүрі | 13 |
| Дидактикалық ойын «Атаңды ата» | 15 |
| «Бесікке бөлеу» дәстүрі | 17 |
| «Қадамыңды жаз, балам» түсау кесу дәстүрі | 19 |
| «Қонақ күту» дәстүрі | 21 |
| «Ер төстік» ертегісі | 25 |
| Ертегілер еліне саяхат | 27 |
| Түлкі мен торғай | 28 |
| Алдар көсе мен қу жауырын | 30 |
| Жеті санының қасиеті | 32 |
| Бата | 33 |
| Алғыстар, ақ тілектер | 38 |
| Мақал-мәтелдер | 39 |
| Жақсы сөз - жарым ырыс | 42 |
| Атадан жеткен асыл сөз | 43 |
| Тыйым сөздер | 48 |
| Киіз үй атаулары | 51 |
| Қазақ халқының ұлттық киімдері | 52 |
| Дәстүрлі суреттер | 55 |
| Пайдаланған әдебиеттер | 63 |

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Ұлттық тәрбие отбасынан бастау алатын болғанықтан инабаттылық, мейрімділік, ана - сүтімен, ана -тілімен орныға бастайтыны аян. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деуі заңды. Ата - бабаларымыз бала тәрбиесіне ата - ана ғана емес, ауыл болып көңіл бөлген. Мысалы : үлкен кісіге сәлем бермегеннің өзі сыйламаулышыққа жататын, оны байқап қалушылар тентегін тезге салып отыратын. Жалпы салт - дәстүр халқымыздың келбеті, рухани мәдениетінің қазығы.

Әрбір елдің, халықтың бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ғасырлар дәуірінен қалған асыл қазынасы бар. Жас үрпақ ата - мұра өнегісінен күш алып қуаттанады.

Халықтық педагогика ата - баба мұрасынан бастау алады. Ол болашақ азаматты жан жақты жетілген, саналы, ізгілікті мейірімді етіп тәрбиелеу де педагогика ғылымының негізгі көзі болып табылады. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасы бойынша мектепке дейіңгі мекеме балаларын адамгершілікке тәрбиелеуге зерттеу жүмысын жүргізген ғалымдарымыз А. Меңжанова, Қ. Сейсембаевтарды атауға болады.

Барлық дәстүр, әдет - ғұрыптар тәрбиеге байланысты. Осыған орай баланы мектепке дейіңгі мекемелерге, отбасында тәрбие беруде қазақтың ұлттық - түрмыстық салт - дәстүрлерінің үлкен рухани күш екендігі ойымызда сақтауымыз керек.

Балабақша -тәрбие бесігінің бірі. Сондықтан да қазіргі заманға сай халқымыздың үрпақтан - үрпаққа жалғасып келе жатқан салт - дәстүрілері мен әдет - ғұрыптарын адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналардың бірі ретінде бағалап үйымдастыруға болатынына тоқталамыз. Мектепке дейінгі мекемелердің балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата - баба дәстүрі мен халықтық педагогикасын басшылыққа алып тәрбие жүмысын ғылыми негізде үйымдастыра отырып жүргізуіміз қажет .

**Мақсаты:** «Жас үрпақты өз халқының ата - бабасының әдеп - ғұрыптарын, салт - дәстүлерін бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата - бабаларымыздың аяулы әдеп - ғұрыптарын, салт - дәстүрлерін, тәрбиелік дәрісін жас үрпақ бойында қалыптастыру, ана тілін ардақтап, асыл сөздерді бағалай білуге үйрету.
2. Қазақ халқының қонақжай, меймандостық дарқандығы ғана емес, жаны жайсаң адами рухының биіктігін көрсете білуге бауылу.
3. Балаларға білім бере отырып, тәрбиелік дәрісін жас бүлдіршіндер бойында қалыптастыру, инабаттылыққа, Отансүйгіштікке, жақсы мінез - құлыққа, халықымыздың тамаша салт - дәстүрлері, әдеп - ғұрыпында тәрбиелеу.

**Оқыту мен тәрбиелеу процессін үйымдастырудың әдіс-тәсілдері:**

- дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар;
- ойын;
- әрекеттік талдау әдістемесі;
- инсценировка;
- драматизациялау;
- әңгімелеу;
- тәрбиешінің оқып беруі;
- балалардың айтып беруі;
- әңгімелесу;
- халық ауыз әдебиетінің шығармашылығын жаттау, сахналау.

Әдіс-тәсілдер кешенді түрде қолданылады,тәрбиешілердің қолдануына оңтайлы, балаларға білім беруде кезектестіріліп, бір-бірін толықтырып, балалардың білімін, іскерлігін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыта отырып жас үрпақты ата-бабаларымыздың дәстүрлерін жалғастыра отыруына тәрбиелейді.

**Оқу жылының соңына балалардың келесі білім,іскерлік,біліктілікті игеруі негізделеді:**

*Бала білуі керек:*

- Салт-дәстүр, әдет-ғұрып маңыздылығын
- Салт-дәстүр түрлері: діни әдет-ғұрыптар, отбасылық той-томалақтар мен жиындар, маусымдық халықтық мерекелер.
- Салт-дәстүр мерекелері: жалпы халықтық, кәсіптік мейрамдар.

*Бала істей алады:*

- кейіпкерді сомдауда тілдің көркемдік, шығармашылық түрлерін қолдануды;
- өз ойларын іске асыруда басқа балалардың қызметін үйымдастыруды;
- өз зейінін бақылауды;
- интонация арқылы кейіпкердің эмоционалды көңіл-күйін жеткізе білуді;
- кейіпкерді бейнелеуде қозғалысы мен мінезін, көңіл-күйін сәйкестендіруді;
- эмоционалды жағдайға байланысты түр-келбетін,жүрісін,қимылды іс- әрекетін өзгерте білуді.

*Бала қабылдай алады:*

- сахналық қимыл-қозғалысты;
- мимика,ым-шара,қозғалыс арқылы мәнерлі қойылымды;
- салт-дәстүр мерекелерінің безендірілуі (декорация, костюмдер).

*Бала келесі біліктілікті игереді:*

- салт-дәстүр мәдениет тәртібі;
- сызба суреттер арқылы кейіпкердің жағдайын түсінуді;
- өздерінің мәнерлі қимылдарын таңдай білуге;
- келесі іс-әрекетті орындауға психологиялық дайындықты;
- монологтан үзінді оқуға;
- қойылымның сюжетіне байланысты ашық диалогтарды айта білуі.

**КЕЗЕҢДЕР**

**1 - кезең:** Ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дуниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамыту.

**2 - кезең:** Бойында үлттық және адамзаттық намысы бар, үріiақ өсіру. Бүл жолда сүйенеріміз әр халықтық бір - біріне үқсамайтын этномәдениетті мен ғасырлар бойы қалыптасқан халық педагогикасының озық дәстүрлері.

**3 - кезең:** Диагностика.

**4 - кезең:** Ана тілі - тәрбиенің басты тірегі. Ана тілі арқылы жас жеткіншектерді халқымыздың озық ойымен, үлттық сезімімен, дәстүрімен, әдебиетімен және мәдениетімен, тыныс - тіршілігімен таныстыру.

**5 - кезең:** Адамзат бойына жинақтаған ең асыл қасиетті мүраларын қастерлеі, аялаі, күтіі үріақтан - үріаққа жеткізу.

**Шарт тудыру:**

1) Халықтың салт - дәстүрлерін күнделікті ойын, сабақ, ертеңгілік бақылау кезеңінде қажет құралдармен қамтамас ету.

2) Балалардың этнографиялық халық асіаітарында ойнауға қызығушылықтарын туғыза отырыі, айтыс әлемін шарықтатыі - мерекелерде, ашық сабақтарда өз біліктерін көрсету үйымдастырылады.

3) Ою үлгілері - бота мойын, қошқар мүйіз, бұғы мүйіз, қармақ, т.б. таныстыру салу. Қию техникасын арттыра отырыі альбомар жасату.

**Оқулық жоспар**

| Блок | Атауы | Сағат |
|---|---|---|
| 1 блок | Әдеп-ғұрыптар | 16 |
| 2 блок | Салт-дәстүрлер | 20 |
| **Барлығы** | | **36** |

Жас үріақтың алдына асқарлы мақсат қойыі келелі міндеттер жүктеі, баланы болашақ ел қамқоры, отан қорғаушысы, шаңырақ иесі, өмір гүлі деі бар жақсысын балаған арнаған. Халық дүниеге келген жас нәрестенің болашағын ойлаі, бар жақсылықты соған арнаі, көркем сөзге, әнге, күйге қосыі, түрлі қызықты ертегілер, жүмбақтар, жаңылтіаштар, әңгімелер шығарыі оларды үріақ тәрбиесіне іайдаланыі келген.

Салт-дәстүр үлттық тәрбие. Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру үшін баланың жас дара ерекшеліктеріне сай ұғымына байланысты ертегі, мақал- мәтел және алуан түрлі салт-дәстүрлерді іедагогикалық түрғыдан іріктеі алу керек.

Бүл дегеніміз - қазақ ауылында кіндігі кесілії, туған халқының әдет- ғүріын тасындай қалаі, дәстүрін жадына жылудай жинаі, асыл тілін аманаттай ардақтаі, дінін дініне түмардай тағыі, салтын санасына сыбағадай сақтаі және олардың бәрін құрандай қастерлеі өскен үріақ екенін білдіру. Оның мақсаты ата салтымыздың асыл мүрасы мен алтын қазынасын көішілікке, кейінгі жас үріаққа үсыныі, оны оқыі үйренуді өмірге еңгізуді аманат деі таісыруы деі есеітейміз.

**Балаларды салт - дәстүр және әдеп - ғұрып сақтау жолдары көрсетілген болашақ жоспар. Мектепалды топтарға арналған**

| № | Сабақ тақырыптары | Сабақ мақсаты | Сағат тары | Мазмұны |
|---|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | | | | |
| 1 | «Төлдер айтысы» | Балаларға жануарлардың төлдерін танып оларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | 1 | Өлең : «Қошақаным қайда екен», «Ботақан», «Бесік жыры», тілектер |
| 2 | Тыйым сөздер | Балаларды тыйым сөздердің мағынасын сәби санасына кішкентай кезінен бастап сіңіру көзделеді | 1 | Мақал - мәтелдер, тыйым сөздер, суреттер |
| 3 | Шілдехана | Жас үрпақты өз халқының, ата - бабасының, салт - дәстүрін бойына сіңіріп жалғастырушылыққа тәрбиелеу | 1 | Күй сандықта «Шілдехана», «Бесік той» әні тындалады, нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған салт - дәстүр көрнісі |
| 4 | Ұлттық киімдер | Жалпы ұлттық киім атауларын білуге бас киімдер, аяқ киімдер жайлы білімдерін толықтау | 1 | Ұлттық киімдер: бас киімдер «сайкеле», «тақия», «бөрік», аяқ киімдер: «етік», «мәсі», «байпақ», «кебіз» - сіреттері, дидактикалық ойыны «Жұбын тап», ойын «Қыздар киімдері, ұлдар киімдері» |

**Қазан**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Әке мен бала | Бейнелі көркем сөздерді қолдана білуге үйрету | 1 | Ы.Алтынсаринн ың «Әке мен бала» әңгімесін оқу, хрестоматия, дидактикалық ойын «Отбасы мүшелерін ата» |
| 2 | Отбасы - сурет арқылы | Тәжірибе бойынша әңгіме құрастыру, сын есімдерді (мейрімді тату), етістіктерді (қамқорлық жасау, көмектеседі) қолдануға бауылу | 1 | Сәлемдесу рәсімі, сурет арқылы әңгімелеу. Д/ойын «Үйде кім тұрады» саусақ ойыны |
| 3 | Сабан той | Үлкендер еңбектерін құрметтеп, қадірлеуге, еңбекке сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу | 1 | Тақырыпты суреттер, егін жинау көліктері: комбайн, трактор. |
| 4 | Ұлттық тағамдар | Балаларға қазақ салт- дәстүрін бекіте отыра үлттық тағамдар жайлы мәлімет беру көзделеді | 1 | Тақырыпты суреттер, үлттық тағамдар жайлы слайдтер, ойын «Жақсы - жаман» |
| **Қараша** | | | | |
| 1 | Айтыс - шешеннің тілі шебер | Айтыс арқылы халқымыздың әдебиет пен музыкасы, ауыз әдебиетіне тәрбиелеу көзделеді | 1 | Айтыс әдебиетінде табиғатты суреттеу, жан жануарлар да сөз болады, жұмбақтарда сатира мен эпиграмма да жұмсалады. |
| 2 | «Алдар Көсе мен қу жауырын» | Балаларды әдептілікке, тапқырлыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу көзделеді | 1 | Үй жиһаздары, қамшы қойдың басы суреттері, жауырын, қазақ киімдері, сандық, бесік, дөнгелек үстел, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жүк жинайтын жүк аяқ, үстел үсті театырын пайдалану |
| 3 | Тұсау кесу | Халық педагогика негізінде балаларға үлттық салт - дәстүрді танып білуге дәстүрлердің көріністерін көңілдеріне қондыра білуге тәрбиелеу | 1 | Ұлттық заттарды көрсету, заттардың атын атау, «Қадамыңды жаз, балам» өлеңі, дәстүрді көрсету. |
| 4 | Киіз үй жабдықтары | Балаларды киіз үй құрылымымен таныстыру, қызығулышықтарын арттыра отырып, сана сезіміне үлттық тәрбие бауылу. | 1 | Ұлттық заттар көрмесі, киіз үй жабдықтары, суреттер, слайдтар көрсеті |
| **Желтоқсан** | | | | |
| 1 | Ер - төстік | Ертегі сюжетін негізге ала отырып сахналау арқылы балаларды ізеттілікке, әдептілікке, адамгершілік қасиеттерін дамытуға тәрбиелеу | 1 | Киіз үй жабдықтары, мазмүнды суреттер. |
| 2 | «Өкпелеме» өлеңі. | Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекеттін бағалауға, адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруге тілдерін төсілдіру | 1 | Өленді тындау, «Өленге ену» ойыны, «Дос іздеймін» ойыны |
| 3 | «Ат қою дәстүрі» | Өз еліне сай азамат болып өсуіне тәрбиелеу көзделеді | 1 | Киіз үй жабдықтары, күй сандықтан ән шырқалады, салт - дәстүр көрінісі |
| 4 | Тыйым сөздер | Балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандыруға тәрбиелеу | 1 | Суреттер, тыйым сөздер арқылы жағдаяттарды талдау |
| **Қаңтар** | | | | |
| 1 | Бесік жыры | Баланың келешегіне үміт артып, тілек айтуға тілдерін жетілдіру | 1 | Өленлер, тақпақтар, мазмүнды суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Қол өнері | Халқымыздың күнделікті өмірге қажетті сәнді бүйымдар, заттарды: қоржын текемет, салт дәстүрге сай әшекелеуге қолдарын жаттықтыру | 1 | Күнделікті өмірге қажетті бүйымдар, заттар: текемет сырнақ т.б., тақырыпқа сай мазмүнды суреттер |
| 3 | «Алтын сақа» Ұлттық танымды ойын | Қазақ халқының өткен тарихынан бастан кешірген қиыншылығымен қуаныштарына және жетістіктеріне дәріптеу | 1 | Плакаттар, еліміздің тарихындағы атаулы күндер бейнеленген фото, суреттер |
| 4 | Қазақи ырымдар | Балаларды сал- дәстүрлерді сақтай отыра, ырымдар арқылы жақсылық қасиеттерге бауылу | 1 | Тақырыпқа сай мазмүнды суреттер, жағдаяттар талдау, ойын «Жақсы-жаман» |
| **Ақпан** | | | | |
| 1 | Бата мен алғыс сөз | Балаларды салт - дәстүрді құрметтеп, ұлтын, халқын, елін сүйетін азамат болып өсуге тәрбиелеу | 1 | Үлкен қариялардың суреттері, бата мен алғыс сөздер. |
| 2 | Түлкі мен торғай | Кейіпкерлердің мінез - құлықын, іс әрекетін, жағымды - жағымсыз әрекеттерін ажырата білуге тәрбиелеу | 1 | «Түлкі мен торғай» ертегісі, түлкі торғай, ит, бидай, суреттер бойынша атрибуттар қолдану |
| 3 | Тілашар дәстүрі | Балалардың әр сөзді, әріпті дүрыс атауға, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру | 1 | Әңгімелеу «Дүрбі» ойыны, жағдаяттарды талдау |
| 4 | «Алпамыс батыр» | Халық ауыз әдебиетімен таныстыру, арқылы елін, туған жерін сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу | 1 | «Алпамыс батыр» аңызы, суреттер, ұлттық ойын бүрышының жиһаздары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Наурыз** | | | | |
| 1 | Қазақтың үлттық тағамдары | Балаларды қазақтың үлттық тағам түрлерімен таныстыру | 1 | Ет тағамдары - бесбармақ, шүжық, қазы - қарта, жал - жая |
| 2 | «Наурызым армысың» өлең Оразақын Асқар | Шығыс күнтізбесімен балаларды Наурыз мерекесіне қызығушылықты арттыру | 1 | Өлең жолдарын оқу, әңгімелеу, сурет, слайд көрсету. Ойын «Дүрбі», ойын «Дос » |
| 3 | «Қонақ күту» дәстүрі | Білім бере отырып, балаларды үлттық тәрбие дәстүрінде тәрбиелеу көзделеді | 1 | Киіз үй, жабдықтары, түрмыстық түтынатын заттар. Қазақтың үлттық тағамдары, күй ойнытқыш. |
| 4 | Сюжетті көрініс | Балаларды сюжетті ойын арқылы дәстүрлер маңызын бойларына сіңіру көзделеді | 1 | Қазақтың үлттық аспаптары, жағдаяттарды талдау, ойын көрінісі |
| **Сәуір** | | | | |
| 1 | Ұлттық ойындар | Үлттық ойындар арқылы баланың тілін дамыту, дұрыс сөйлеуге, түрлі құбылыстарды сипаттай білуге тілдерін төсілдіру | 1 | «Санамақ», «Соқыр теке», «Қуыр -қуыр-қуырмаш», «Ақ серек, Көк серек» осы ойындарға керек заттарды пайдаланамыз |
| 2 | «Үлкенді сыйлау» дәстүрі | Үлкендерді сыйлау, құрметтеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту | 1 | Тақырыпты суреттер, жағдайаттарды талдау |
| 3 | «Тоқым қағар» дәстүрі | Балаларға салт-дәстүрді құрметтеуге оның қасиеттерін дамыта білуге тәрбиелеу | 1 | Әңгімелеу, суреттер, слайд, ойын «Дос іздеймін», ойын «Шеңберде не түр», ойын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | «Кейіпкерлерге айнал» |
| 4 | Жақсы сөз - жарым ырыс | Балалрға адамгершілік қасиеттерін дамыта отырып, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу | 1 | Әңгімелеу, слайд арқылы мазмұнды суреттер көру, жағдаяттарды твлдау |
| **Мамыр** | | | | |
| 1 | Отан - оттан да ыстық | Отанға деген сүйіспеншіліктерін, өз отанын күрметтеуге тәрбиелеу | 1 | Мақал - мәтелдер, тақырыптық суреттер, әскери техника суреттері |
| 2 | Жақсылық пен зұлымдық | Жақсылық пен жамандық туралы түсініктерді кеңейту, мейрімділікке, кішпейілділікке тәрбиелеу | 1 | Мақал - мәтелдер жүмбақ, тақпақ, өлеңдер, жағдаяттарды талдау |
| 3 | «Домбыра - дастан» дәстүрі | Күй туралы қысқаша түсінік беру. Домбыра жайлы аңызды құлақтарына сіңіріп, түсінуге тәрбиелеу | 1 | Әңгімелеу, «Дос іздеймін» ойыны, «Дос болмайды» ойыны, «Дүрбі» ойыны |
| 4 | Тату доспыз бәріміз | Достыққа, татулыққа бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу | 1 | Сурет үлгілері, мақал - мәтел, бейне таспа |
| **Барлығы** | | | **36 сағат** | |

## «ШІЛДЕХАНА» дәстүрі

**Мақсаты:** Жас үрпақты өз халқының тегін жақсы біліп, атабабаның салт- дәстүрін бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу. Ел арасында сақталып, үрпақтан-үрпакка жалгасып келе жатқан халық мұрасы баланы қайырымдылыққа, ынтымақтыққа үндейді. Халқымыздын қанатты сөздерінің жәрдемімен баланың ақыл-ойын, рухани жан-дүниесін байытуға, адамгершілік сезімін тәрбилеуге, елдін салт-дәстүрін, әдет-ғүрпын сақтауына көңіл бөлу.

Жаңа сөздер: **Шілдехана.**

Көрнекілік көрініс: Бір қанат кереге, түскиіз устінде қоржын, тері қамшы, домбыра, ури/ық. Жерде текемет, көрпешелер төсеулі. Үй ішінің жасау жабдыгы.

**Тәрбие жүмысының барысы:** Күйсандықта «Шілдехана, бесік той» әні шырқалып түрады. Сол ән ырғағымен балалар кіріп, киіз үйдің ішіне жайғасып отырады. Нәрестенің дүниеге келген күрметіне арналған салт-дәстүрлердін бірі — шілдехана тойы.

**Тәрбиеші:** Бабам қазақ қаншама бала сүйген,
Мүрагерім болса деп, мақсат кылып.
Үн дауысы шыққанда қараша үйден
Атан сойып той қылған, ат шаптыртып.

(Ф.Оңгарсынова)

(Енді нәрестені атасына немесе әжесіне көрсетіп, көрімдік алайық.
Баланы қолына алып, қуанышқа бөленген атасы.)

Ақ тілек, ал ақ тілек,
Балбыраған бал білек.
Атаңның тілін ал, білек,
Ақ тілек, ал ақ тілек, —

деп бата беріп, мандайдан иіскейді. (Көрімдікке шапан кигізу — ертедегі ел дәстүрі.)

**Тәрбиеші:** Жас нәрестенің дүниеге келген күрметіне арналған ойын- сауық кешін бастаймыз.

1- **бала:** Туғаннан соң адам боп, Білімсізден жаман жоқ. Ел дәстүрін білмесең, Жүрт атайды «надан» деп.

2- **бала:** Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге үлттай біздіңде, Бар дәстүр мен салтымыз.

**Ән:** «Угай-ай» (Балалар хормен орындайды.)

Үшып жүрген аспанда
Ала қарға угай-ай.
Өлеңайтып берейік,
Қонақтарға угай-ай.
Қайырмасы:
Угай-ай, угай-ай, әніміз
Арпа, бидай дәніміз.
Угай-ай деп, ән салсақ
Келіспей ме, сәніміз.
¥шып жүрген аспанда
¥лар ма екен угай-ай.
¥стап алсам баласын
Жылар ма екен угай-ай.
Қайырмасы:
Жақсылардың көңілі
Алтын сандық угай-ай.
Кілті болмаса сандықты
Кім ашады угай-ай.

**Тәрбиеші:** Ән салындар, би билеп шатганындар,
Шілдехана тойын атқарындар.
Жадырасын бүл күні бүкіл өмір Жығылмасын бәйгеде шапқан үлдар.

Ұлттық ойын: «КӨКПАР».

**1-бала:** Тілімде менің — байлығы жатыр ғаламның,
Қаныма сіңген, жаныма сіңген, Кендігі жатыр даламның.
Сүтімен, мейірімімен
Махаббаты жатыр — Анамның.
**2-бала:** Тәтгі де ананын. ақ сүті тәтті,
Қатты да атанын жүрегі катты.
Жүмсақта ананың алақаны жүмсақ.
Балалардың тойға әкелген қандай өнері бар екен? Жүмбак айтамыз.

**1- жақ:** Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды, Қонактарды көнілдене сыйлайды.

(Дастарқан.)

**2- жақ:** Үсті де тас. Асты да тас, Ортасында піскен ас.

( Таба нан.)

**1- жак:** Төрт бұрышты, бір ауызды.

( Сандық.)

**2- жақ:** Шыр көбелек айналар, Беліне жіп байланар.

( Үршық.)

Жүмбақ шешкен балаларға сыйлык беріледі. (Қыздарға сақина-білезік, үлдарға қамшы)
**Ән:** «ҮКІЛІМ-АЙ, ЖЕҢЕШЕ»

**Дидактикалық ойын**
**«АТАҢДЫ АТА»**

**Ойынның мақсаты:** Баланың жақсы азамат болып өсуі, жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне ықпал ету.
**Ойынның шарты:** Атаға дейінгі туысқандық қатысты бірінен соң бірі жалғастырып айтып шығуы қажет. 2 жақ кезек-кезек айтуы шарт. Айта алмаған жақ айыбын төлейді. *(Әке, бала, немере, шобере, шөпшек, немене, туажат)*
**1-бала:** Жан қалмасын жай тұрған,
Мәз болсын, жас, кәріміз.
Күй шертілсін, ән айтып, Би билейік бәріміз. «Келіншек биі» орындайтын Мәдина.

1- **бала:** Әй-әй бепем, әй бөпем, Ән айтайын, бал бөпем. Ән тыңдағын келсе егер, Және айтайын, жан көкем...

2- **бала:** Бөпем менің айма екен?

Шекер ма екен, бал ма екен? Ойнақтап бір бәйгеден Озып келер тай ма екен?

3- **бала:** Әй-әй бөпем, әй бөпем, Үйықтадың ба бал бөпем?

Алдағанға көнетін, Аңкау бепем ісайда екен?

Өнер сайысын мақал-мәтелге бұрайық.

1. Ел болам десең, бесігіңді түзе.
2. Ары таза жігіттің жаны таза.
3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
4. Азамат—елдің ажары.
5. Азамат туган жерімен тұғырлы, Халқының салт-дәстүрімен

ғұмырлы.
**Ән хор:** «КЕШ ЖАРЫҚ»
Кел балақай кеш жарық
Келіп жүрме кеш калып.
Кеш жарықты бастайык Көп кызықты еске алып.

Көңілдерге қонып нүр
Кешкі мезгіл болып түр.
Кеңейеді ой-сана
Кеш жарықты көріп бір.

Одан кейін жата ғой, Тәтті үйкыға бата ғой. Ертегілер сан түрлі

Кызығына бата ғой.

**Тәрбиеші:** Анам мені аялап, әлдилеген, Түн үйкысын төрт бөліп мәпелеген.
Дәмің кетпес ақ сүтің аузымдағы, Қалайша үмытамын бал татыған. Анашым алдыңызда қарыздармын, Өтеуден оны ешкашан жалықпаспын. Ананың баласына махаббаты Мәңгілік алаулаған шам-шырағы.

Шілдеханаға құтты болсын айта келгендер үй-ішімен коштасып бата береді:

Бөбектің бауы берік болсын, Өскен сайын өрелсін.
Еш жамандык көрмесін, Өзі жарык күн болсын Жасы үзак, мың болсын.

Соңында «Ақ сүйек» ойыны ойналады.
Ойын сазды әуенді залда үйымдастырылады. Ойын бастаушы коландағы ақсүйекті балаларға көрсетіп, мүны алыска лактыратынын, оны кім тауып алса, сол бастаушы болатынын ескертеді. Балалар теріс қарап көздерін жүмып түрады. Ойын бастаушы сүйекті алысқа лактырады. Баяу ойналған музыка әуенімен балалар лақтырылған сүйекті іздеп, залдан шығып кетеді.
**Тәрбиеші:** Әр адамда өз анасынан баска болу керек күдіретті

**Төрт АНА:**

1- **бала**: Туған жері — түп қазығы, айбыны,
2- **бала:** Туған тілі сатылмайтын байлығы.
3- **бала:** Туған дәстүр, салт-санасы, тірегі Тағдырына шуақ шашар үнемі.
4- **бала:** Және туған тарихы! «Ана» туралы ән айтылады.

**Жүргізуші:** Балалар, бір шу естіледі, бүл не екен?
Е..., сіз екенсіз ғой, Қожеке. Бүл не шу?
**Қожанасыр:** Өрістен келе жатырмын, жол бойы төлдер дауласып: «Адамға ең пайдалысы да, қажеттісі де менмін» дейді.

**«БЕСІККЕ БӨЛЕУ» дәстүрі**

**Жүргізуші:** Айналайын төлдерім, адамға барлығың да қажетсіндер. Сенбесендер тындандаршы, балалар сендер туралы қаншама өлендер, тақпақтар, жүмбақтар біледі. Төлдер туралы такпақ, жүмбақтар.
**Өлең:** «Қошақаным қайда екен?», «Ботақан».
**Шабарман:** О құрметті, халайық!
Барлығыңыз біздің ауылға «Бесікке бөлеу» тойына шақырып келдім. Баланы бөлемей түрып, қолына шырақ үстаған әже:

Алас, алас, баладан алас, Үй иесі келді, пәледен алас. Көзі жаманның көзінен алас, Тілі жаманның тілінен алас. Қырық қабырғасынан алас, Отыз омыртқасынан алас. Бісміллә, келді, міне иесі, Қош, қош пәлесі — деп, бесікті аластайды. Бесікке баланы бөлей отыра:

Аталарың ақырса қорықпа, Апаларың ақырса қорықпа. Ойнақтаған ботадан қорықпа, Тулаған тайдан қорықпа.
Бесігінде бүлқынып үйқылы бол!
Алас, алас, аласы Келді міне, баласы.
Жайлы үйықтап дем алсын, Үйқысы қанып оянсын, —

дейді де, отырғандардан үш қайталап: «Оң ба?» деп сұрайды. Үш қайтара «Оң» деген жауап беріледі.

Мойнымдағы маржаным, Орта толған мал-жаным.
Бесігінде жата ғой
Тәтті үйқыға бата ғой, —
деп, әндетеді де: «Бесікті мен алып кетем бе, әлде біреуің сатып аласыңба? —деп сұрайды. Сонда қолына сый үстаған нәрестенің анасы: «Мен алайын» деп, тілек білдіреді: Ол бөлеген әжейге көйлектік мата сыйлап, қалғандарына орамал таратады.
**Ән:** «Бесік жыры».
**Жарыс:** «Қамшы өру», ойын: «Кетті, кетгі орамал».
**Сайыс:** «Кім жүйрік жүмбаққа?», «Кім көп мақал-мәтел біледі?»

**Шабарман:** Сүйінші, сүйінші Гүлнәр әженің немересі қырқынан шығыпты. Осы тойға бәріңіз ортақ болыңыздар. Осы кәрі, жасынды шақырып, бас ием.
**Әже:** Қырық қасық суға түсіру рәсімін өздеріңе жүктедік. Әже үш тілегін айтып, үш қасық су құяды, жағалай отырған балалар да тілек айтып, су құяды.

1- **бала:** Денсаулығың мықты болсын.
2- **бала:** Етті бол, епті бол.
3- **бала:** Өмір жасың үзақ болсын.
4- **бала:** Жолдасың қыдыр болсын.
5- **бала:**Қобланды атасындай батыр болсын.
6- **бала:**Әсетгің сәні бол.
7- **бала:**Еліңнің сәні бол.
8- **бала:**Еп бастаған ер бол...

***2-әже:*** *Анасы шешіп алсын, ұйқысы бесікте қалсын.* (Анасы шешіп алып, баланы әжеге береді. Әже шомылдырып болган соң, сылап-сипап, майлап тілегін айтады)
***Әже:*** *Өс, өс балам, өсе бер,*
Батыр бол балуан білекті.
Батыр бол таймас жүректі,
Аяқ-қолыңды созайын,
Жауырыныңды жазайын.

Ит көйлегін басынан айналдырып, бір балаға береді.
- Мә балам, іниңнің ит көйлегін күшігіне кигізіп жібер, пәле жаласының бәрі осымен кетсін.
Баланы орап отырып:
Бісміллә,
Жағаң жайлы болсын,
Етегің майлы болсын
Киімің тозғақ болсын,
Өмірің үзак болсын.

Ит көйлектің бір шетіне кәмпит байлап, күшікке кигізіп қоя береді. Қашқан күшікті балалар үстап алып. көйлекке оралған тәттілерді бөліп жейді.

**Әже:** «Жақсы әдеп — жан сұлулығы» деген ғой, кәне, әдептілік туралы кім қандай асыл сөздер біледі.

1- **бала:** Әдепті бала жол сілтейді,
Әдепсіз бала қол сілтейді.

2- **бала:** Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені.

3- **бала:** Әдепсіздің аты озбас,
Әдептінің тоны тозбас.

4- **бала:** Әдепті бала - арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.

**Тәрбиеші:** Балалар, сендер әдептілік туралы жақсы-жақсы мақал-мәтелдер айттыңдар. Сендердің өнерлеріңді тамашаладық. Барлықтарың бүгінгі тойға жақсы катыстыңдар, рахмет.

## «ҚАДАМЫҢДЫ ЖАЗ, БАЛАМ»
## тұсау кесу дәстүрі

**Сабақтың мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту, өз ойын толық айтып жеткізуге тәрбиелеу. Халық педагогикасы негізінде балаларға ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып білуге, ұлттық үй жиһаздарын көрсету арқылы өз ойын толық жеткізуге және өздері көрген ұлттық дәстүрдің тамаша көріністері көңілдеріне қондыра білуге тәрбиелеу.
Пайдаланылған әдістер: жатқа мәнерлеп оқу, ән айту, көрсету, таныстыру.
**Керекті құралдар:** Бөбектер тобының тәрбиеленушісі, есілген ала жіп, жасыл шөп, тоқ ішек. Топ ішінен бір баланы шығарады.

1. **Ұйымдастыру:** Серуен кезінде балаларға ұлттық заттарды көрсету, заттардың атын атату. Қолмен ұстатып көрсету т.б. Бөлме арнайы безендірілген. Бөлменің бір бұрышында қазақ үй тігіліп, оның іші арнайы үй жиһаздарымен безендірілген.
2. **Сабақтың барысы:** Тәрбиеші өткен сабақты қайталап, бүгінгі өтетін сабақтың тақырыбы «Қадамынды жаз, балам» деп хабарлайды.

Балалар, бүгін сендермен қазақтың салтына байланысты әдет- ғұрыптарды, жөн-жораларды, сонымен қатар «Тұсау кесу» рәсімімен танысамыз. Бұл рәсім - бала аяғын апыл-тапыл басып жүре бастағанда жасалады, оған үлкен көңіл бөлінеді. Бұл рәсім бала болашакта жолы болғыш, өмірден сүрінбей, көлденең қырсыққа шалдықпай жүрсін деген ақ тілекпен туған.
Ата-бабаларымыз балаларының аяқ алысы жаксы, нық болуы осы тұсау кесу рәсіміне байланысты деп сенген. Өз мүмкіндігіне карай жөн-жоралғы жасайды, яғни көрші-көлем, туған-туыстарын шакырып, дастаркан жаяды, тіпті мұндай куанышты окиғаға орай той да жасайды.
Тұсау кесілетін сәбидің әуелі аяғы кара ала жіппен байланады. Содан соң ата-ананың үйғарып, өтініш жасаған адамы сәбиге өз тілегін айтып, батасын беріп, жіпті кияды. Тұсау кесілген бұлдіршінді балалар қызықтап жетектейді. Жіптің кара және ақ болу себебі, баланың келешек өмір жолында қара күштер мен ақ ниеттердің қатар кездесуі мүмкін дегенді меңзеген. Тұсау кесуді ата-ана өздері сыйлайтын, еті тірі, жүрісі түзу адамға жүктейді.
Баланың тұсауы (сонымен қатар) көк шөппен және ақ ішекпен (майлы ішек) де кесіледі. Ондағы мақсат — жердегі көк мол болып, ел тоқ болсын дегені, ішекпен кесілуі туысқанға бүйрегі бұрып, мейірбанды болсын, ел тоқ болсын дегені.

1. Көңілді музыка, домбырамен күй ойнап тұрады.

**Тәрбиеші:** Балалар, тыңдандаршы сыртта дабыр-дүбір естіледі, көрші ауылдан келіп қалды ғой деймін, біреуің сыртқа шығып көріндерші. Сол сәтте сырттан көрші ауылдағы әке, апалар кіреді, балалар төрге көрпе салып, қонақтарды қарсы алады.
**Тәрбиеші:** Бәрекелді, бағанадан күткен апайларымыз да келді. Енді сендер бөбектер тобындағы жаңадан жүрейін деп, аяғын апыл-тапыл басып жүрген Нүргүл есімді кішкентай кыздың тұсауын кесу рәсімін көресіндер.
**Әже:** Әуелі құдай ондасын, Еш жамандык болмасын.
Баланың көңілі жай болсын!
Уайым-қайғысы жок болсын!
Аллаһу акпар!
Қаз-қаз балам, қаз балам, Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуінді шешейін,
Түсауынды кесейін.
Баланың түсауы кесіліп, оны балалар қызықтап, екі қолынан екеуі үстап, тәй-тәйлап жетелейді.
Қаз-қаз балам, қаз балам, Тақымыңды жаз балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз, балам, жүре ғой, Тай, құлын боп шаба ғой.
Озып бәйге ала ғой, деп «Түсау кесу» жыры айтылады.

Аяғын тәй-тәй басқан баланы жетектеп:
Тәй-тәй балғын, тәй балғын, Жүре қойшы жай, балғын. Қарыс сүйем қаз бастың, Қадамыңнан айналдым! - дейді анасы.
Жаңа сабақ бекіту.

1. Бүл сабақта не туралы білдіңдер ?
2. Түсау кескенде немен кеседі. Не үшін ?
3. Түсау кесу тойы не үшін жасалады?

**Тәрбиеші:** Жақсы балалар, Нүргүлдің түсауы кесілді, ол тайқұлындай шапқылап жүреберсін. Біз енді тойдың рәсімі бойынша «Той бастар» айтайық:
«Бісміллә» деп, бастайды тойдың басын,
«Әмин» деп, көтереді қойдың басын.
Сәтті күні сәрсенбі той жасапсыз,
Құтты болсын, тойыңыз, деп басталық.
(« Той бастар әкелініп, ортага қойылады.)
Құлахмет ендеше, Құлахмет, Құлын сойса болады бір асым ет. Айткан жерден той бастар алып келген Текті атаның баласы рахмет!
(Тойга келген қонақтар, балалар той бастарды бөлісіп алады.)
**Тәрбиеші:** Балалар енді далаға барайық: «Көкпар тарту!» Ойынын ойнаймыз.

**«ҚОНАҚ КҮТУ» дәстүрі**

**Мақсаты:**

1. Балаларға білім бере отырып, үлттық тәрбие дәстүрінде тәрбиелеу. Халқымыздың тамаша салт-дәстүрі, әдет ғүрпында тәрбиелеу.
2. Қазақ халқының қонақжай, меймандостық дарқандығы ғана емес, жаны жайсаң, адамдық рухының биіктігін көрсету.
3. Ата-бабаларымыздың аяулы салт-дәстүрлерін, тәрбиелік дәрісін жас бүлдіршіңдер бойында қалыптастыру, инабаттылыққа, еңбекке, жақсы мінез- құлыққа тәрбиелеу, ана тілін ардақтап, асыл сөздерді бағалай білуге үйрету.

**Көрнекіліктер:** 1. Киіз үйдің жабдықталған ән-күй залы. «Хош келдіңіздер» деп жазылған плакат.
Түрмыстық тұтынатын заттар: киіз үй, жиһаздары.
*Ұлттық тағам түрлері:* (ет, сүт, үннан жасалган тағамдар.)
Буклет: «Казақтың үлттық тағамдары»
Күй ойнатқыш.
Ұлттық тағамдар туралы кітап.
Балалар, тәрбиеші,
Ақ әже үлттық киім киеді.
Сабақтын барысы:

1. Балалар тәрбиешілерімен бірге киіз үйдің ішіне келіп, айнала отырады.
2. Тәрбиешінің кіріспе сөзі.

Бүгін біз балалар. Халқымыздың ең бір жаркын дәстүрі — қонақ күту жөнінде, оған сый-сияпат көрсету туралы әңгімелесеміз. Өзіміз де көп қонақтарды қарсы аламыз, күрмет көрсетеміз.
Біздің халқымыз өте қонақжай, сендер кішкентай болсаңдар да байкап жүрген шығарсындар,

үйге келген адаман әкешешелерің ештеңесін аямай, барын дастарқанға қояды. Тіпті, ерте кезде қонағы риза болсын деп, ештеңесі болмаған кезде, астындағы жалғыз атын да сойып береді екен. Міне, біз осындай жомартжанды бабаның үрпағымыз. Қазақ халқының конақжайлығы, оның берекелі дастарқаны туралы аңыздар, пікірлер әлемге әйгілі десек артық айтқанымыз емес. «Қырықтың бірі Қыдыр» деп, ата-бабамыз үйіне келген қонаққа ерекше мән беріп, танымаса да одан барын аямаған.

- Кәне, балалар, жақын күндері кімнің үйіне қонақ келеді. (Бірнеше баладан сұрау.)
- Ал, кәне, балалар, бізге қонақтар келе жатыр, қарсы алындар.

Бәрі орнынан түрып, конақтарды отырғызады.

**Тәрбиеші:** Бүгін мен балаларыма қонақ күту, сыйластық, қазақтың жомарттығы туралы айтып отыр едім: Сіздер жақсы келдіңіздер. Енді осы үрпақтан-үрпаққа мирас болып келе жатқан қонақжайлық, оған тән басты қасиет кішіпейіл, жомарт, кеңпейілділікті балаларымыз қалай үйреніп, көңілге тоқып жүр, соны байқайық. Сіздер өз білгендеріңізді ортаға салып отырыңыздар.

**Тәрбиеші:** Кәне, балалар, қонақжайлылық туралы қандай мақал-мәтелдер білесіндер?

«Қонақ келсе, құт келер», «Қонағын сыйласа, төрге шық», «Асына тойғызбасан да, ақ ниетіңе тойғыз», «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Болар бала қонаққа үйір», «Сыйларға асың болмаса, сыйларға тілің болсын».

— Балалар, осы мақалдардан-ақ қазақ халқының қонақжайлылығы көрініп түр емес пе?

— Үйге келген қонақ қайда отырады?

Қазақтын үлттық дастарқанында ертеде пайдаланылған тамақтардың негізгі түрлері: ет, сүт, қымыз, сары май, құрт, ірімшік. Кейін дақылдар да енді. Олар: тары, арпа, бидай, күріш, жүгері.

2- Буклет. «ҚАЗАҚТЫҢ ҮЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ».

(Әже көрсетіп, атын айтады)

3- **бала:** Әже құртты қалай жасайды?

— Сендерге арнап құрт-ірімшік жасап әкелдім, ауыз тиіндер балалар.

4- **бала:** Қонақжай халқымыз
Қонақты карсы алып, сыйлайды.
Қонақты сүйген салтымыз
Дастарқанын жимайды.

Балалар орындарынан түрып, «Қазақтың дастарқаны» әнін орындайды.

*Әні:* Ж.Боранбаевтікі.
*Сөзі:* М.ілиясовтікі.

5- **бала:** Қонақ құмар балалар,
Бір-бірін ымдап жинайды.
Тәттіге тойса, тек олар,
өзгеге иттік қылмайды.

Төрге шығады, төрге отырады.

**Тәрбиеші:** Кәне, балалар, қонақтардың қолына су құйсын, қыз балалар дастарқан мәзірін әзірлесін *(су құйып, сулгі усынады).*

Қонак күту дәстүрінің ең ерекше мән берілетіні дастаркан мәзірі. Ата- бабаларымыз қонақ үшін ең сыбағалы дәмін арнайы сактап отырған.

Ас алып отырыңыздар. Салқын тағамдар мен қымыз беріледі.

**1-бала:** Үстанған қасиет —
Үл мен қыздары.
Ең үлкен қасиет —
Қазактың түз-дәмі.

( Ғ.Құлахметов.)

2-бала: Кешеден басталған
Бүгіннің өмірі.
Жаюлы дастарқан

Қазақтың көңілі.
3-бала: Салт-дәстүр бойынша
Білінер ақ-қара.
Дастарқан жайылса
Сен одан аттама.
4-бала: Дос түгіл қасына
Қазағым бір арман.
Жыланның басына
Ақ күйып шығарған.

**Тәрбиеші:** Бүл үйіңе қонак болып дүшпаның келсе де, одан барынды аяма деген соз. Өйткені казақ халқы — қонақжай халық.

**1- бала:** — Әже, балалар қонақты қалай күтеді?

**Әже:** — Балам, дүрыс сүрадың. Осы күннен күлаққа күйып өскен дүрыс. Ендеше тындаңдар.

**2- бала:** Қонақ атын суытып, Ауыздығын алады. Тартпасынан босатып, Алдына шөп салады.

**3- бала:** Ет піскен соң құман ал, Қолына су құяды. Шылапшын тосып,

сүлгі алып, Қонақтың жайын қылады.

**Тәрбиеші:** Балалар. Қазақша етпен табақ тартканда оның ерекше дәрежесін білдіретін табак аттары бар. Үлкендерге біз бүгін бас табақ, орта табақ тартамыз. Құрметті қонаққа бас тарту үлттықдәстүр. Қонақтарға бас тартылып, үлкендер қызмет керсетеді.

**Бас алган аты: —** Мына құлақты мына бала жесін, кырағы сақшы бола ма екен? Мына тандайды кішкене кызым, бері келші. Сен ал. Жез тандай әнші болар ма екенсің? *(Бәріне үлес кезегі тиеді.)*

Дастарқанға құрт езген сорпа. Түздық құйылады. Тамақ ішіп болған соң ата ас қайырады.

**2-бала:** Көз алдыңнан өткерсең,
Тағамдардың талайын.
Былқылдаған ет келді
Сары қымыз, балкаймақ.

**10- бала:** Дастарқанға не керек, Иесі түр барын сап. Толық айдай дөңгелек, Келді жүзіп бауырсақ.

**11- бала:** Қоспа, ірімшік, бал менен

Қоса үсынған шалабын.
Бу бүрқырап қуырдақ, Көрсетті міне қарасын.

(Х.Ергапиев.)

**12- бала:** Нан ардақты, адал ас, Кәрі. Жас онан аттамас. Ақ дастарқан үстінде Қол жумай оны үстамас.

Тәрбиеші шай дастарқанының мәзірімен таныстырады.

**Тәрбиеші:** Дастарқанының басты асы — бауырсақ. Оған қоса сөк, жент, қуырылган бидай, талқан, тәтті тағамдар қойылады. Қаймақ, қосып, шай береді.

**13- бала:** «Ағарған» деп, «Ақ дәм» деп, Аналар төгіп, шашпайды. Сүт төгілсе: «Обал» деп, Аяғымен баспайды.

(Ө. Турманжанов.)

Сүтген жасалған тағамдарға қысқаша түсінік беріледі. Сүт — мал баққан қазақ ауылының негізгі тағамы. Одан қымыз, шүбат, айран, қатық, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ сияқты түрлі тағамдар әзірлейді.

**Әже:** Құрттың жасалу жолын түсіндіреді. Шай дастарқанына осы айтылған тағамдар койылады. Қонақтарға шай беріледі.

Қорытынды

**14- бала:** Қонақ келсе, есікке Жүгіріп шық, кешікпе. Қарсы алмаса, қонақты Кесір болар несіпке.

( Үмбетей жырау.)

**Тәрбиеші:** Балалар, осы тағамдар туралы мақал-мәтел білесіндер ме? «Тарысы бардың, талқаны бар». Құрт-майы бардың, рақаты бар».

**Тәрбиеші:** Дастарқан біздің халқымыздың кадірлі, касиетті бүйымдарының бірі. Дастаркан бәріміздің үйімізде күніне бірнеше рет жайылады. Отбасының берекесін, бірлігін сактайды. Конағын дастаркан жайып, оған түрлі тағамдар койып қарсы алады. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан дәстүріміз осы қонақ жайлық. Сендер де осындай салт-дәстүрді біліп, үйренгендерің жөн. Қонағыңа кішіпейілділік пен жомарттығынды көрсетсең, алғысын естіп, көңілің өседі.

Кішіпейіл болғанмен,
Кішірейіп кетпейсің.
Өр көкірек болғанмен,
Үлылыққа жетпейсің, -
деген бабалардан қалған сөз.

**15-бала:** Сыйлай білсең ата-баба мүрасын,
Қазақтардан табылады жыр асыл
Үлкендерден бата тілеп түрасың. —
деген өлең жолынан соң, бала бата сүрайды.

**Атаның батасы:** Ардақтадың атаңды, Мен берейін батамды. Сыйлап ата- ананы, Азамат бол саналы. Біліміңде мол болсын, Денсаулығың зор болсын. Сәтті боп әр қадамың. Бақытқа жет қарағым. Әмин. Аллауакбар.

Үй иелері конақтарды шығарып салады.

## «ЕР ТӨСТІК» ертегісі

**Сабақтың мазмұны:** Ертегі сюжетін негізге ала отырып, сахналау арқылы халқымыздың әдет-ғүрпын, салт-дәстүрін үйрету. Балалардың бойына үлкенге деген ізеттілік, әдептілік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
**Сабақтың көрнекілігі**: Киіз үйдің ішкі көрінісі, үлттық жиһаздар.
**Сабақтың барысы:** 1. Киіз үйдің жаіыіда ақ әже үршық иіріі отырады. Жаіыіда екі-үш іемересі отырады.
**Бір бала**: Әже, ертегі айтыі беріңізші.
**Әжесі**: Жарайды, құлыіым, сеідерге айтіағаіда ертегііі кімге айтамыі. Меіің балалық кезімде естігеі «Ер төстік» дегеі ертегі бар еді, соіы айтыі берейіі.
Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүіі бөртеде Еріазар дегеі бай болыіты, төрт түлігі сай толыіты. Қора толғаі қойы, өріс толғаі жылқысы болыіты. Еріазар ештеңедеі кемдік көрмеіті. Еріазардың ер жеткеі сегіз үлы болыіты.
**Немересі**: Әже, сегіз үлы болғаі ба?
**Әжесі:** Иә, балам, сегіз болғаі. Бір жылы үлкеі жүт болыі. ел малыі алысқа айдаі кетііті. Еріазардың сегіз үлы да соіың ішіде кетііті. Бір қыстық азығыі алыі, кеміірі меі Еріазар үйііде қалыіты. Еріазардың сегіз үлы сол кеткеііеі хабарсыз кетеді. Айлар өтеді, жылдар өтеді келмейді, Еріазардың азығы таусылады. Кеміірі екеуііің әлдері түруға әрең-әрең келеді.
Бір күіі кеміірі төсегііеі түрыі, үйдің түідігіі ашады. Түруға шамасы келмей жатқаі шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреу ішіде керулі түрғаі биеіің төстігі түседі.
**Немересі**: Әже, күлдіреуіш дегеі іе?
**Әжесі**: Күлдіреуіш дегеі шаңырақты үстаі тұратыі белағаш. Еріазардың қуаіыі есі шығады.

- Кеміір, сүйііші, керулі түрғаі кер биеіің төстігі майлы көріеді.

Бол жылдам, асыі жібер.
Төстікті асыі жеі, шал меі кеміір әлдеіеді: Нәрестелі болады. Балаіың атыі Төстік деі атайды. Төстік дүіиеге келгеі соң, әке-шешесі қуаішқа кеіеледі. Той жасайды.
Әжеіің ертегісі жалғасады.
— Төстік ерекше бала болыі өсті. Ол ай саіаі емес, күі саіаі, сағат саіаі, тез өсе бастайды. Еіді Еріазар баласыіың түсау кесу тойыіа дайыідалды.
Әжесі, бала еңбектеудеі өтіі, аіыл-таіыл басқаіда балаіың түсауы кесіледі. «Түсау кесу» ырымы сәбидің мүқтаж тірліктеі тез өтудеі туыідағаі.
Еріазар сахіаға шығады.
**Ерназар.** Кеміір, шайыңдайыі ба?
**Бәйбіше.** Казір, міе қайіаі түр.
**Ерназар.** Бала үйықтады ма?
**Бәйбіше.** Ұйықтады ғой, шал-ау, балаң тәй басып жүр, түсауын кестірмейміз бе?
**Ерназар.** Иә, кестірсек, кестірейік. Наурыз тойы да келіі қалды.
**Бәйбіше.** Соіда түсау кесуді кімге лайық -деі отырсың?
**Ерназар:** Ауылдың үлкені ғой, ақ әже кессін, тездеп хабаршы жіберейік. Ағайын-туыстарды тойға шақырсын.
(Әжесінің ертегісі жалгасады. Сонымен Ерназардың баласының «Түсау кесу» тойына алыс-жақын ағайын тегіс жиналады.)
Осы кезде келін келіп. «Апа, ата, қонақтар келе жатыр» — деп хабарлайды. Конақтар амандасып төрге келіп отырады.
**Ерназар:** Ау, халайық, бүгін менің мына баламның түсау кесу тойына жиналып отырсыздар. Біз, бәйбішем екеуміз ақылдасып, баланың түсауын Ақ әже кессін деп отырмыз. Сіздер қалай қарайсыздыр?
**Көпшілік:** Дұрыс, Ақ әже кессін, жасы да үлкен, жолы да сол кісінікі ғой. Ақ әже кессін.
(Ақ әже ортага шығып, түсау кесуге дайындық жасайды. Осы кезде баланы екі жеңгесі жетелеп келеді.)
**Ақ әже:** Қаз, қаз, балам, қаз балам,
Кадам бассаң мәз болам.
Күрмеуінді шешейін,

Түсауыңды кесейін.
Каз, қаз балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз балам.
Кадамыңа қарайық,
Басқанынды санайық.
**Ерназар:** Ақ әже, балаңызға бата беріңіз.
**Ақ әже:** Сары түсті болсын, Ақ шашты болсын, Өмірің ұзақ болсын, Уайымы аз болсын. (Шашу шашылады.)
**Бірінші жеңгесі:** *(баланы қолынан жетелеп былай дейді):* Қаз баса ғой қарағым, Құтты болсын қадамың. Өмірге аяқ баса бер, Асулардан аса бер.
Екінші жеңгесі: Сәби, міне көріндер, Соңынан оның еріндер. Жүйрік болсын, ал кәне, Біреуің жетіп көріндер.Сәбидің қолынан жетелеп ала қашады. Қолында түйіншегі болады. Екі-үш бала соңынан қуып, түйіншегін алады.
Қолға су құю дәстүрі жасалады. Той дастарқанына отырғызу басталады.

- Кәне, той дастарқанына отырыңыздар, дәмге келіңіздер.
- «Той дегенде қу бас домалайды» дегендей, кәне той бастап, ауылдың алты ауызын айтып жіберейік.
- («Той бастар» айтылады. Той бастарды бір табаққа салып әкеліп береді.)

— Орамал тон болмайды, жол болады», —
дегендей, той бастардан ауыз тиіңіздер.
Тойда ән айтылып, би билейді.

1. Халық әні «Қоғалы-ай».
2. Халық биі: «Бипыл»
3. «Немеренің әні».
4. «Дедім-ай-ау» халық әні.
5. «Айгөлек» биі.

( Үлкен кісілер үй иесімен қоштасып, қайтады. Жастар ойын ойнайды. «Арқан тартыс», «Күш сынасу», Алтыбақанға кетумен аяқталады):

## ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ

**Мақсаты:** Оқылған ертегілер мазмұнын тәрбиешінің көмегінсіз өз беттерімен сахналай білуге, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін, эмоциясын, дауыс ырғағын келтіре орындауға үйрету.
Кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, жағымды-жағымсыз жақтарын ажырата білуге, әдептілікке, тапқырлыққа, шыншылдыққа, еңбек сүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.
Сабақ барысы: Ерден атайдың «Кешкі ертегі» әнімен (пластинка) ашылады. Музыка аяқталғаннан кейін конақтармен сәлемдеседі.
Осы кезде Алдар есекке мініп, өлең айтып келе жатады.
Алдар: Мен Алдармын, Алдармын, Алда десең алдаймын. Сақалы жоқ, мұрты жоқ, Доспын адал жандармен. Мен көсемін, көсемін Сусыз жерге өсемін. Жақсыларға серікпін, Жамандарға алдармын. а-а-а-а е-е-е-е
Балалар: Ассалаумағалейкум, ата!
Алдар: Амансындар ма, балалар. Сендер мені танисындар ма?
Балалар: Сізді танимыз. Сізді ертегіден білеміз, сіз Алдарсыз, сіз өте қусыз, бәрін алдайсыз.
Алдар: Таптындар, балаларым. Мен ертегілер елінен келдім, сендерге ертегілер ұнай ма?
Балалар: Ұнайды атай.
Алдар: Олай болса, мен сендерді ертегілер еліне саяхатқа апарайын. Менің тұла бойым толған сиқырлы қасиет, бір сиқырлы сөз айтсам болды, сендер мына кілеммен үша жөнелесіндер. Қане, көздеріңді ашындар, балалар!
Тәрбиеші: Ой балалар, қарандаршы біз керемет жерге келдік қой. Алдар атай үшқыш кілеммен ертегілер еліне, көрмеге алып келді, карандаршы қандай ғажап көрме.
Алдар: Қане, қарандаршы, ертегілер кітапшалары ғой мына түрған.
Балалар: Ол — «Қызыл телпек».

Алдар: Ертегінің авторы кім?
Балалар: Бұл ертегінің авторы Шарль Перро.
Алдар: Ал мынау қай ертегі.
Балалар: Бұл «Алтын балық» ертегісі.
Алдар: Мына кітап ше?
Балалар: «Мақта қыз бен мысық».
Алдар: Мына сурет қай ертегіден келген?
Балалар: Жыл басына таласқан хайуанаттар.
Алдар: Мынау қай ертегіден келген?
Балалар: «Шықбермес Шығайбай» ертегісі.
Алдар: Ой балалар, сендер мен туралы да ертегі біледі екенсіндер ғой.
**Балалар:** Сіз туралы көп ертегі білеміз.
**Алдар:** Ой,бәрекелді!
(«а та — кеме, ата — дария» деген мақал тегін емес екен, осы кезде Алдардың есегі ақырады).
**Алдар:** Ой балалар, менің есегім шақырып жатыр, мен сендерге әлі талай рет келем, баратын жерлерім бар еді, сендерге мына сиқырлы қоржынымнан деп хат берейін өздерің оқындар. (Балалар Алдармен қоштасады. Тәрбиеші хатты алып оқиды. Балалар тындап отырады. Хатта Баян апай, мына ертегіні балаларға оқып беруіңізді сұраймын. Алдар.)
**Тәрбиеші:** Жарайды, мен ендеше бұл ертегіні сендерге әңгімелеп берейін.

## «ТҮЛКІ МЕН ТОРҒАЙ»

Ертеде Тұлкі мен Торғай дос болыпты. Екеуі бірге тұрып, бірге жүріпті. Күндердің күнін де Торғай, Түлкіге: «Түке, біз екеуміз бірігіп егін егейік» депті. Түлкі қулана, жарайды деп майысыпты. Сөйтіп екеуі жер жыртыпты. Түлкі мүндай ауыр жұмысты істегісі келмей, қулыққа көшеді. Торғай келіп: «Сен егінді еге бер, мен мына тоніп келе жаткан бұлтты үстап, тіреп тұрайын» депті де, таудың басына шығып. Екі аяғын көкке көтеріп жатып алыпты. Ал Торғай болса, егінді егіп, суарып, арам шөптерін жұлып, әбден шаршапты. Бидай күннен-күнге өсе беріпті. Торғай Түлкіге келіп: «Түке, егін жайқалып есіп келеді. Көрмейсің бе?» депті. «Торғай егінді орып, дәндерін жиып, қапқа салып болыпты да, түлкіні шақырыпты. Түлкі орнынан атып тұрып, кәне, көрсетші депті де, қаптағы бидайдың ең көбін өзі алып, торғайға аз ғана беріпті. Түлкі: «Жұмыстың көбін мен істедім, егер мен мына бұлтты тіреп түрмағанда жаңбыр бәрін шәйіп, өспей қалар еді» деп кете барыпты. Торғай ағаштың басына келіп қонып, ренжіп отырса, қасына Ит келіп: «Аф-аф, торғай, сен неге ренжіп отырсың» деп сұрапты. Торғай болған жағдайды айтып беріпті. Ит тындап болған соң: «Сен ренжіме, мен саған комектесемін» депті. Екеуі түлкінің үйіне барып, Ит бидайдың артына тығылыпты, Торғай ағашқа қоныпты. Бір кезде Түлкі келіп, бидайды диірменге апаруға асыға қапқа сала бастайды, қалкиған екі құлақты көріп, тіпті мәз болыпты да, оны үстай бергенінде Ит шыға келіп, арс етіп қалыпты. Түлкі зорға дегенде қашып құтылыпты. Сөйтіп Түлкі: «соңынан бірақ көремін» деп, қол сілтепті. Торғай мен ит дос болып қала беріпті.
Балаларға ертегіні айтып берген соң әңгіме бойынша суреттер көрсетіп сөз, сөйлем к.ұраткызып үйрету. Түлкі, Торғай, Ит, Бидай суреттер бойынша атрибуттар колдану. Сұрақ, жауап алу. Түлкінің түсі сары, көзі кара, аузы кызыл.Торғайдың түсі- қоныр. Балалар олардың түстерін, көлемдерін ажырата айтып береді.
**Тәрбиеші:** «Ой, балалар, сендер тіптен бәрін айтып бердіндер ғой, өте жақсы, ал енді маған кім осы санамақ, тақпақ айтып бере алар екен. Қане, Темірлан (қолын көтерді).
Атам келді жайлауға, Апам көрпе төседі. Әкем күлын байлауда, Әжем ноқта еседі. Інім отырды-ау құрып, Шабамын деп тай мініп. Бәрі, бәрі қанша адам, Мені қоста, ал сана!
**Әйгерім:** Бес бұтақта бала торғай, Бес бұтақта ала торғай. Оқша уыр-ақ қос бұтақта, Отыр алты-қара торғай. Ал, есепте, шотыңды ал да, Қанша торғай отыр талда!

**Әлібек:** Дүйсенбіде — ойнап алдым, Сейсенбіде — ойға қалдым. Сәрсенбіде — сайға бардым, Бейсенбіде қайрақ алдым. Жұмада орақ қайрап алдым, Сенбі күні қойға бардым.

Жексенбіде тойға бардым!
**Тәрбиеші:** Жарайсындар, балалар. Ал енді осы біздің ертегілеріміздегі ит, торғай, түлкі туралы тақпақ білесіндер ме?
**Азамат:** Тақиясын үшырып, Жел інімді жылатты. Бірақ тағы күшігі, Әкеп беріп жүбатгы.
**Дінмұхамед:** Қыс келгенде, торғайым,
Үй алдында қон дәйім.
Ойна, жүгір, желкілде,
Тисем саған оңбайын.

Ал енді кім маған жүмбақ жасырып берер екен. Ақ сандығым ашыпды, Ішінен жібек шашылды.
*(Күн.)*
**Тәрбиеші:** Олай болса балалар, ертегі сендерге үнады ма? Үнаса, кәне біз осы ертегіні сахналап көрейікші.
*( Әйгерім Түлкі.Дана — Торғай. Темірлан - Ит болды. Бастарына әрқайсысы дайын маскаларын киді. Қалған балалар егін болып жайқалып тұра қалды.)*
**Тәрбиеші:** Балалар біз ойнадық, енді осы ертегідегі өзімізге үнаған кейіпкерлерді ермексаздан жасап көрейікші. Жақсы бейнені жасаған балалардың еңбектерін өздеріне көрсетіп, мақтап мадақтаймыз.

Қорытынды
**Тәрбиеші:** Балалар, ертегі бізге не үйретті?
**Балалар:** Адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкені сүюге, әдептілікке, шыншылдыққа үйретеді.
**Тәрбиеші:** Дұрыс, неден сақтандырады?
**Балалар:** Жауыздықтан, зұлымдықтан, алаяқтықтан сақтандырады.

## АЛДАР КӨСЕ МЕН ҚУ ЖАУЫРЫН

**Мақсаты:** Ертегінің кейіпкерлерін ұғынып, сұрақтарға жүйелі жауап беруге, ата-бабамыздың салты, күнделікті өмір тіршілігіндегі, Өмір шындығын қайталай отыры, халық мәдениетінің әсемдігі мен терең сырларының бетін ашы таныстыры, осы байлықты балалар бойына сіңіру, үйрету, тілін үштау, жалы балаларды жан-жақты дамыту.
**Керекті құралдар:** үй жиһаздары, қамшы, қойдың басының суретгері, жауырын, қазақ киімдері, сандық, бесік, дөңгелек жер үстел, жүк жинайтын жүк аяқ, өрнектермен тігілген әдемі жаіқыштар, қазақ түскиізі, әртүрлі ілінетін аңдар терісі, жерге төселетін көріешелер, қазан, самаурын, шәйнек, ет салағын табақ, кесе, тостағандар, ет сүзетін кеісер немесе дастарқанға қойылатын үлттық тағамдар: тары, талқан, бауырсақ, шеліек, сүт, шай, таратуға арналған билеттер.
**Жүргізілген жүмыстар:** ертегіні балаларға оқып беріп таныстыру. Бүл қазақ халқының ертегісі, ертеде осындай таіқыр, алғыр адамдар болған. Бүрыңғы заманда кедейлердің малы аз, жүіыны үйлерде түрған. Кедейлер байлардың малын баққан, үй ішіндегі жүмыстарын істеген. Үстел үсті театрын іайдалана отыры, Алдар көсемен калған кейііікерлермен таныстырамыз. Олардың киген киімі, жүрген жүрісі, мақсат мүлдесі талданады. Бүған балалардың белсенді қатыстырылуы қатты ескеріледі. Кейііікерлерге оқиғаларға байланысты сүрақтар қойылыі, нақты жауаітар алынады. «Алдар мен қу жауырын» ертегісі жайлы жазылған сценарий.
**Сабақтың барысы:** Жетекші - ертеде Алдар көсе ел аралап, өлеңдетіп келе жатса, жолда бір қу жауырын жатыр екен. Бүл менің керегіме жарар деі, қоржынына салыі алыіты: Сөйтіі асуды асыі, белді басыі, талай жер жүріі, бір үлкен ауылға келеді. «Кедей - кеішіктің үйнде не бар дейсің». Деі, алты қанат байдың ақ үйіне кіріігі. Кірсе, бәйбіше жалғыз екен.
**Алдар:** Ассалаумағалейкум, бәйбіше! Үй-ішің, мал-жаның аман ба?
**Бәйбіше** (жақтырмай): Аманбыз. Мал-жанды сүраі қайтесің? Оның керегі не саған? Озің қайдан жүрсің ала қоржынды асыныі ?
**Алдар:** Ренжімеңіз бәйбіше, ел аралаі келе жатыі, жол түскен соң, кіріі едім. Байекем қайда?
**Бәйбіше:** Бір құдамыз шақырыі, сонда кеткен.
**Алдар:** Тамақ салыі жатыр екенсің, менің жауырынымды қазанға салыі, іісіріі берші.
**Бәйбіше:** Әкел қазанға салайын.
**Алдар:** Тек, қорқыі отырмын, еттерің менің жауырынымның етін жеі қоя ма деі.
**Бәйбіше:** О несі, етті ет жейді дегенді мына күлағым естіген емес.
**Алдар:** Етімді жеі қойса, ақысын қалай төлейсің?
**Бәйбіше:** Жесе, қой көп, таңдаған койыңды аларсын.
***Алдар:*** *Сөзіңе сеңдім. (бәйбіше етті жуып қазанға салады).*
**Бәйбіше:** Сен осы есік жақта отыр, ет іискенше.
*(Бәйбіше қазан ошақта жүреді, сол кезде бай кіреді.)*

**Алдар** (орнынан үшыіі түрып): Ассалаумағалейкум, байеке (бай амандаспайды, үндемей жоғары шығып кетеді).
**Бай:** Бәйбіше шай әкел, жолдан сусаі келдім (бәйбіше шай құйыі береді).
**Бәйбіше:** Құдаң жақсы күтті ме?
***Бай:*** *Жақсы күтті, шапан жауып, ат міңгізді. Енді етті әкел жейік. (Бәйбіше ет түсіреді. Алдардың қу жауырынын да сол күйінде әкеледі)*
**Бәйбіше:** Алдар, етке кел.
**Алдар:** Рахмет, өз етімді алып кетейін.
**Бәйбіше:** Еттен же, берген етінді ал.
**Алдар:** Айттым ғой, етімді етің жеі қояды деі. Енді айтқан қойыңды бересің.
**Бәйбіше:** О сақтай гөр құдай! Алғашқы көруім, етгі ет жейді дегенді: Қорадан бір кой ал да, кет, көзіме көрінбей (бәйбіше шығып, қойды береді).
***Алдар:*** *(Бір қойды алып өлеңдетеді)*
Мен Алдармын, алдармын, Байларды да алдармын. Кедейлерді жақтармын, Қу жауырыным бір қой болды!

**Жетекші:** Сонымен Алдар көсе бәйбішеге қулығын асырыі, жерге қаратыі бір қойын алыі, өлендетіі, келесі байдың ауылына келсе, байдың үйі келін түсіріі жатыр екен. Сол кезде бір тоі жастар келінді алыі үйге кіреді.
**Бай:** Айналайын құландарым, басымызға бас қосылыі, бір балам екеу болды. Қосағыңмен қоса ағар. Бақытты болыңдар. (Жар-жар айтылады. Алдар көсе күреске жігіттерді шақырыі күреседі. Би биленіі, ән айтылады.)
**Бәйбіше:** Балалар, айналайындар той әлі біткен жоқ. Тойдың жалғасын далаға шығыі алтыбақан теуіі, ақсүйек ойынымен жалғастырайык (балалар кетеді, бай, бәйбіше қалады).
**Алдар:** Ассалаумағалейкум байеке. Тойыңыз құтты болсын. Ел-жүртың, мал-басың аман ба?
**Бай:** Аманбыз, қайдан жүрсің?
**Алдар:** Алыстан келе жатырмын. Қоныі шығуға рүқсат етіңіз.
**Бай:** Қон, рүқсат, жер жетеді.
**Аддар:** Байеке, қойымды сіздің қойыңызға қоса түрайын ба, таң атқанша.
**Бай:** Қосыі қой, онда түрған не бар?
**Алдар:** Қойымды сіздің қойларыңыз жеі қоя ма деі қорқыі түрғаным.
**Бай**: Қойды қой жейді дегенді естіген жоқіын, қоса бер, қорықіа. Егерде айтқаның шын болса, бір қойдың орнына он қой беремін.
**Алдар**: Рахмет, байеке оныңызға...
**Жетекші**: Сонымен Алдар көсе бір қойын қосыі, тамақтанғаннан кейін үйқыға кетеді. Бай үйықтады-ау дегенде Алдар, өзінің қойын бауыздаі, он қойдың аузына кан жағыі, қайта келіі үйыктаі қалады. Бір кезде ағарыі тан да атады, жанға жайлы жібектей самал соғыі, құстар сайраған кезде байдың үй- іші үйқыдан түрады.
**Бәйбіше**: Байеке, шайға кел *(Алдар да шайға отырады).*
**Алдар**: Рахмет, байеке, қойымды алайын да кетейін (Алдар мен бай далаға шығыі кетеді).
**Алдар**: Айттым ғой, қойымды қойларың жеі қояды деі. Міне, сіздің қойларыңыз жеп қойыпты. Аузы қан қойлардың барлығын мен аламын.
**Бай**: О, алла сақтай гөр! Қойды қой жейді дегенді естісем, құлағым керең болсын! *(Аузы қан қойларды ортаға шығарады.)* Ал да кет көзіме көрінбей.
**Алдар**: Қу жауырыным бір қой болды, бір қойым он қой болды. *(Өлеңдетіп кетеді.)*
**Жетекші**: Сонымен Алдар көсе қулығын іске асырып, сойып жеуге бір қойын қимайтын байларды шығындандырып, масайрап өз ауылына қайтады.
*(Балалар ертегіні сахналап болған соң, қорытынды жасайды. Басты кейіпкерлер жөнінде өздерінің түсініктері, қиялы бойынша сурет салады. Соңынан сурет көрмесі ұйымдастырылады.)*

## ЖЕТІ САНЫНЫҢ ҚАСИЕТІ

**Жеті қазына.**

1. Ер жігіт.
2. Сұлу әйел.
3. Ақыл,білім.
4. Жүйрік ат.
5. Қыран бүркіт.
6. Берен мылтық.

**Жеті жоқ.**

1. Жерде өлшеуіш жоқ.
2. Аспанда тіреуіш жоқ
3. Таста тамыр жоқ.
4. Тасбақада талақ жоқ.
5. Аллада бауыр жоқ.
6. Аққуда сүт жоқ.

7. Жылқыда өт жоқ.

*7.* Жүйрік тазы

**Жеті ата.**

*1.* Әке.
*2.* Бала.
*3.* Немере.
*4.* Шөбере.
*5.* Шөпшек.
*6.* Немене.
*7.* Туажат.

**Жеті күн.**

*1.* Бүгін.
*2.* Ертең.
*3.* Бүрсүгүні.
*4.* Арғы күн.
*5.* Ауыр күн.
*6.* Соңғы күн.
*7.* Азына.

**Жеті жұт.**

1. Құрғақшылық.
2. Жұт (мал қырылу).
3. Өрт.
4. Оба (ауру).
5. Соғыс.
6. Топан су.
7. Зілзала (жер сілкіну).

**БАТА**

Ақ тілек аянды болсын,
Ақ бата баянды болсын.

Қазақтың дастархан басында, түрлі жиын-тойларда, адам өмірінде кездесетін қуаныш кезінде той иесіне, қуаныш иесіне және т.б. арнап, сондай-ақ алыс жолға аттанғалы тұрған азаматтарына ақ жол тілеп, қол жайып айтатын тілегі бата деп аталады. Қазақтың ақ батасы үрпақтарын адамгершілікке, имандылыққа, ақыл мен парасаттылыққа, шешендікке баулыған.

Батаның түрлері:

1. Нәрестеге бата
2. Асқа бата
3. Ұлға бата
4. Қызға бата
5. Келінге бата
6. Сапар бата
7. Жастарға бата
8. Сүндет той батасы
9. Наурыз батасы
10. Ораза айт батасы
11. Жарапазан батасы
12. Ас қайыру батасы т.б.

Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың үйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,

Жорытқанның жолын бер.
Қыздың қылығын бер,
Судың түнығын бер,
Асаудың арынын бер,
Түнгі оттың жарығын бер.
Асқар таудың паңдығын бер,
Бүлбүл құстың таңғы үнін бер.
Даланың жазықтығын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер.
Теңіздің тереңдігін бер,
Қыранның көрегендігін бер.
Ердің көңілін бер,
Бүркіттің жігерін бер.
Лашынның жүрегін бер,
Нағыз достың тілегін бер.
Мәңгі-бақи ажырамас,
Шын ғашықтың тілегін бер!
Әумин!

Үй иесіне берілетін бата
Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің. Ықыласпен қол жайсаң, Ақ тілекті төгейін.
Денсаулығың мықты болсын, Абыройың зор болсын. Қайда барсаң алдыңнан, Жарқыраған жол болсын. Бастарыңа бақ берсін, Не берсе де, нақ берсін. Қырда жүрген Қыдырды Үйлеріңе ап келсін. Қарындарың тоқ болсын, Қайғыларың жоқ болсын. Шүпірлеген үйіңде, Балаларың көп болсын.
Әумин!

Жас бөбекке беретін бата Көтерейік білекті, Нүрға бөлеп жүректі. Бөбекке бата берейік, Ағынан айтып тілекті. Сәбиіміз сүйкімді болсын, Өнер-білімге икемді болсын, Бәйтеректей бойшаңданып, Өнер, өршіл, өркенді болсын, Жақсы жолды таңдасын, Жамандық тәлім алмасын, Даналардың дәстүрін, Жаңаласын, жалғасын. Шұғылалы шуақ күн кешсін, Басын сүр бұлт шалмасын, Қос топшысы талмасын, Қырандай биік самғасын. Ары адал, жаны жаз, Құрбысынан қалмасын! Абай, Жамбыл, Міржақып, Шоқан, Ахмет, Мағжандай Тасқа басқан таңбасын, Мәңгілік артына із қалдырсын! Әумин!

Шілдехана тойында берілетін бата Анасының аяулы Жарып шыққан кемерін, Қадам басып өмірге,

Жас шыбықтай бүр жарып, Жаңа жайған желігін, Торсық шеке, ақ маңдай, Өсе берсін бөбегің. Өмірі үзақ болсын деп, Көңілі нүрға толсын деп, Ақ батамды беремін. Азамат боп ер жетсін, Қиын кезде жолдастан Аямайтын көмегін. Тойың тойға үлассын, Бола берсін дегенің! Аллаһу ақпар!

Асқа бата
Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін!
Әумин!

***

Ашып тастап пейілді Дастарханың жайылды. Қасиетті нан үлық Берекең түр нақ үйып. Асыл сөздер шашылды, Бар абырой бақ орнап Ел сыйласын басыңды. Аңыз болып отауың Айта жүрсін асыңды. Сүйген жарың, Бала-шағаң аман боп, Бүтіндесін асылды. Ниетіңе біз тойдық.

Рахмет шәйіңа, Риза еткен бір қойлық! Әумин!

Ұл балаға бата
Жорытқанда, балам, жолың болсын, Қалтаң байлыққа толсын, Бір толмасын, жылда толсын, Өмір жасың үзақ болсын! Қатарыңнан озған өрен бол,

Қыз көзіндей терең бол, Сынай қалса - құлақ сал, Мақтай қалса - керең бол! Әумин!

***

Азамат болып ер жетсін, Ақсақал болып төрлетсін, Азамат болып көрікті, Ғұмыры болсын берікті. Азамат болсын ардақты, Мінезі болсын салмақты, Өнері болсын жан-жақты, Осы айтқанның бәрі Қабыл болып, Алла берсін зор бақты! Әумин!

Қыз балаға бата Талдай бой берсін, Сұңғыла ой берсін, Жаздай жамал берсін, Қардай жанар берсін! Анаға шуақ болсын, Ағаға қуат болсын, Нәзік жаны болсын, Елінің ары болсын, Басына өнердің бағы қонсын, Ақ орданың шамы болсын! Ф. Оңғарсынова

Сапар бата
Жолыңды алла қолдасын, Жаманшылық болмасын. Сенімді болсын жолдасың, Жолыңды кескен оңбасын. Сәтті болсын істерің, Жақсы болсын түстерің, Жүмсақ болсын ішкенің. Көрмеген жерді көріп қайт, Ырзығыңды теріп қайт. Айдарыңнан жел есіп, Желіп барып, желіп қайт. Әумин!

Наурыз батасы

Наурыз келіп қар кетті, Ақ қар, көк мүз жүтатқан Шаруа елінен зар кетті. Наурыз келіп жаз кірді, Жаз періште «Өз» кірді Күнеске тосып арқасын, Жаі біткеіге іаз кірді. Арық-түрақ төрт түлік, Көк жеп жапа-тармағай Қабырға жаппай қалмағай. Көтереміің төрт бүты, Ербегей де сербегей Еіді шығыі бермегей. Бізге келген бәлекет - Қармеі бірге қаңғырып, Таудаі ары өрлегей, Мүсылмаі бетіі көрмегей.

Жарапазаі батасы Қоіақтасыі берекет, Қаша берсіі пәлекет.
Қиыі дейді қиямет, Жақыі дейді ақырет.
Ақыретке барғаіда, Қыл көпірдеі амаі өт!

Міie, бата, ақ іиет, Бола берсіі берекет.
Қиыі дейді қиямет, Жақыі дейді ақырет, Құлшылық қыл Аллаға, Қыл көпірдеі таймай өт. Кірсіі дәулет, Шықсыі бейіет.
Алла атымеі бейіет ет. Жоқ-жітікке рақым ет. Тәңір сеіі қолдасыі, Уайым-қайғы болмасыі. Қабыл болсыі оразаң, Әулетіңді оңдасыі!

Бата - өлеңдер

1. Кемеңгердің алғыр ойыі берсіі, Екі дүіиеіің абыройыі берсіі!

2. Талаптымен тау астырсын, Талантымен таластырсын. Жамандықтан адастырсын, Жақсылықпен жанастырсын!

3. Білімің молая берсін, Еңбегің зорая берсін.

4. Мақсаттарың айқын болсын, Өмірлерің жарқын болсын.

Еңбектерің көшелі болсын!

5. Білімің тереңдесін, бауырым!

Өнерің кемелденсін, бауырым!
Жүлдызың жайнасыншы, бауырым!
Табаның таймасыншы, бауырым!
Дос-жарың безінбесін, бауырым! Қысылса сені іздесін, бауырым!

## АЛҒЫСТАР, АҚ ТІЛЕКТЕР.

- Бастай бақ, шаштай дәулет берсін!
- Тарыдай тасып, бидайдай бөк!
- Қаздай қалқы, құдай жүз!
- Қаймағы бұзылмасын!
- Қабыл болсын!
- Тілегіңді берсін!
- Шаңырағың биік болсын!
- Өзегің талмасын!
- Өмірің ұзақ болсын!
- Несібелі бол!
- Той тойға ұлассын!
- Жаныңа жамандық бермесін!
- Қоныс жайлы болсын!
- Көңіліңді кір шалмасын!
- Күлкіден айырмасын!
- Адалынан берсін!
- Көш-көлікті болсын!
- Ауызбіршілік болсын!
- Торқалы той болсын!
- Алла абырой берсін!
- Талабың өссін!
- Сапарың сәтті болсын!
- Ел-жұрт аман болсын!
- Құдай сәтін салсын!
- Ақ мол болсын!
- Мұратыңа жет!
- Ғұмырлы-бақытты бол!
- Қыдыр ата жолдасың болсын!
- Аспаның ашық болсын!
- Ниетің қабыл болсын!
- Көсегең көгерсін!
- Нұр жаусын!
- Бақытты бол!
- Иманды бол!
- Мың болғыр
- Құтты болсын!
- Қайырлы қадам болсын!
- Жүлдызың жансын!

- Талабыңа нұр жаусын!
- Бауы берік болсын!
- Мың жаса!
- Ұзағынан сүйіндірсін!
- Бармақтай бақ, шаш-етектен дәулет берсін!
- Айың оңыңнан, күнің солыңнан тусын!
- От басы, ошақ қасы аман болсын!
- Дастарқаныңа береке берсін!
- Алладан рақым болсын!
- Көйлегің көк, көңілің тоқ болсын!
- Қоныс құтты болсын!
- Мерейің үстем болсын!
- Құдай күлкіден айырмасын!
- Үбірлі-шүбірлі бол!
- Қыдыр ата жолдасың болсын!

К.Оразалин (Ақ тілек Ақ бата)

## МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕР

Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.

Отанын сатқан оңбас.

Отан үшін күрес - ерге тиген үлес.

Елдің елдігі ерінен танылар, Елдің байлығы жерінен танылар.
Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы.

Еліңді тастап шетке кетпе, Шетке кетсең де көпке кетпе.

Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ.

Өзге елде сұлтан болғанша, Өз еліңде үлтан бол!

Жемісті ағаш жер бауырлап өседі, Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.

Жер - қазына, су - алтын.

Аққу көлін аңсайды, Адам туған жерін аңсайды.

Үйіңде қартың болса - асыл қазынаң.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

Ағашты жемісінен таниды, Адамды ісінен таниды.

Көпке топырақ шашпа.

Жолдасты жол айырады.

Жөн сұраған кісі адаспайды, Жол сұраған кісі жаңылыспайды.

Бір жеңнен қол шығар, Бір жағадан бас шығар.

Жаман туыстан жақсы жолдас артық.

Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.

Ел иесіз болмайды, Сөз жүйесіз болмайды.

Көп ішінде сөйлеген көсемдіктің белгісі. Көпке сөзі үнаған

шешендіктің белгісі.

Бірлік еткен озар, Бірлеспеген тозар.

Ата өнері балаға мұра.

Ата тұрып бала сөйлесе - шіркіндігі, Аға тұрып іні сөйлесе - еркіндігі.

Баланың үяты әкеге, Қыздың үяты шешеге.

Ана алдында құрмет, Ата алдында қызмет.

Анаңа ауыр сөз айтпа, Атыңа ауыр жүк артпа.

Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді.

Әке балаға сыншы.

Әкесі бардың арысы бар, Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар.

Мінсіз дос болмайды, Мүлтіксіз қос болмайды.

Адамның әдемілігі шыншылдығында.

Шындық бар жерде өтірік байқап жүреді, Шындық жоқ жерде шіреніп, шайқап жүреді.

Адал дос алтыннан қымбат.

Үлкенді сен сыйласаң кіші сені сыйлайды. Кіші сені сыйласа Кісі сені сыйлайды.

## ЖАҚСЫ СӨЗ - ЖАРЫМ ЫРЫС

- Кездескен адамдар бір-біріне «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем береді. Бұл «сізге нұр жаусын» деген сөз. Сәлем алушы «Уағаликүміссалам!» дейді. Бүл «Сізге де нүр жаусын» деген сөз.
- Таңертеңгілік немесе таң атып келе жатқанда кездескен адамдар «қайырлы таң болсын» деп тілектестік білдіреді.
- Наурыз күні «Ұлыс құтты болсын!», «төрт түлік ақты болсын» деуді ұмытпаған жөн.
- Жаңа жылға «жыл құтты болсын», «бақыт, табыс жылы болсын» деп құттықтайды.

- Халық әдетінде әрбір істі, тамақты «біссімілда» деп бастайды.
- Үйге келген кісі шаңыраққа сәлем беріп кіреді. Үй иесі сәлемін алып, жасы кіші болса қайта сәлем беріп, «хош келдіңіз», «төрге шығыңыз» деп ілтипат көрсетеді.
- Кешкілік үйге келгендер «кеш жарық» деп кіреді.
- Қазақ әрбір сәтті күнге, қуанышқа, мәжіліске, тойға келгенде «құтты болсын» деп игі сөзді қосып айтады.
- Тойға жиналғандар «той-тойға үлассын» деп құттықтайды. Мұны қабыл алғандар «айтсын», «айтқаның келсін», «бірге болсын» деген жылы сөздермен қарсы алады.
- Мәжіліске немесе бірнеше адам бас қосқан жерге келген адам «орта толсын» дейді. Үйдегілер «кемісі сізбен толсын» деп орын ұсынады.
- Жұмыс немесе іс басына келген адам «іске сәт» десе, оған «айтсын-ақ» деп жауап береді.
- Жаңа үйленген жастарға «құсың құтты болсын», «отау берік болсын» деп құттықтайды.
- Ас үстіне келгендер «ас тәтті (дәмді) болсын» дейді.
- Жаңа қоныстанып жатқандарға «қоныс құтты болсын» деп жөн сұрасады.
- Көшіп бара жатқандарға «көш оң болсын», «көш көлікті болсын» деп тілек білдіреді.
- Жолаушыға «қайда барасыз» деген дұрыс емес, «жол болсын», «жолдасың Қыдыр болсын, «сапар сәтті болсын» деу керек. Ол «әлей болсын» деп жөнін айтады.
- Зат, бүйым сатып алғандарға «игілігіңе түтын» деген жөн.
- Киім сатып алғанға «киімің күйрек, жаның берік болсын» деп айтады.
- Соғым сойған үйге «бүйыртып жегізсін» дейді.
- Жаңа туған айды көргенде «ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп бата жасайды.
- Ағып түскен жұлдызды көргендер «менің жұлдызым жоғары» деп тәубаға келеді.
- Алғаш күн күркірегенде «жер көк болсын, ақ көп болсын» деп тілек тілейді.

- Мал төлдетіп жатқандарға «төл көбейсін» дейді.
- Мал айдағандарға «айдар көбейсін» дейді.
- Бәйгеге ат қосқандарға «шабар көбейсін» дейді.
- Егін егіп жатқандарға «бір дәнің мың дән болсын» дейді.
- Ораза ұстаған кісілерге «оразаң қабыл болсын» деу керек.
- Ораза кезінде біреулер ауыр сөз айтатын болса оған «менің аузым берік еді» деген жөн.
- Адам түшкірсе «жәрәкімалда» дейді.
- Мал түшкірсе «түш, жануар» деу керек.
- Шашалған адамға «май қап» дейді.
- Жел шығарып қойған адамды «шөремді бер» деп құлағынан тартып, үялтады.
- Ауырған адамның көңілін сұрап, «тез сауығыңыз», «дертіңе шипа берсін» деп тілектестік білдіреді. Кешкілік аурудың көңілін сұрамайды.

С. Кенжеахм етұлы

## АТАДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ

Халқыңа қызмет ет,
Ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсаңдарға күрмет ет.

Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады.

Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл.

Қожа Ахмет Йасауи

Естіге айтқан ақыл сөз - шыңға тіккен тумен тең, Ессізге айтқан ақыл сөз - құмға сіңген сумен тең.

Хан әділ болса - халық ынтымақты болады.

Майқы би

Надандықтың белгісі - тілін алмау білгеннің.

Асанқайғы

Сәлем - сөздің анасы.

Бұқар Қалқаманұлы

Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішіңді.

Үмбетей Тілеуұлы

Мен ағайынды екеумін: біреуі - өзім, екіншісі - халқым.

Сырым Датұлы

Ата-ананы, мейманды құрметтесең - Меккедей иіүрға толар үйдің іші.

Шал Күлекеұлы

Қазақ халқы - ең бір бейбіт халықтардың бірі.

Тіл - қай халықтың болсыі басты белгісі.

Жақсы жолдас сыр шашпас.

Ақаі сері Қорамсаұлы

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Тегііде адам баласы адам баласыіаі ақыл, ғылым, ар, міiез дегеі іәрселермеі озады. Одаі басқа іәрсемеі оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық.

Құдайшылық - жүректе. Қалпыңды таза сақта!

Ғылымды , ақылды сақтайтұғыі міiез дегеі сауыт болады.

Жамаі дос - көлеңке: басыңды күі шалса - қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса - іздеп таба алмайсың.

Еріішектік - күллі дүіиедегі өіердің дүшпаіы. Талапсыздық, жігерсіздік, үятсыздық, кедейлік - бәрі содаі шығады.

Адамды сүй, аллаіың хикметіі сүй.

Аллаіың өзі де - рас, сөзі де - рас.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Қаракет қыл, пайдасы көпке тисіі.

Кекшіл болма - көпшіл бол.

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең - істің бәрі бос.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласыі

Пайда ойлама - ар ойла.

Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.

Абай

Орынсыз үмтылудан сақтайтын алты түрлі ноқта бар: олар - ынсап, рақым, ар, үят, сабыр, сақтық. Ең әділі - ынсап, өзгелердің тізгіні сонда болуға тиіс.

Адамдық - борышың.

Адамның ең асылы - қиянатсыз, ақ пейіл адам.

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос - өміріңде өкіндірмес қасиеттер

осылар.

Анық бақ: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.

Жүрегіңді нүрмен жу.

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң - шын бақыт осы.

Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл. Шын бақ - ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Бостандыққа апатарын жалғыз жол - ұлттық ынтымақ қана.

Ұлтына, жұртына қызмет ету - білімнен емес, мінезден.

Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса - халықтық мақсат сонда орындалады.

Анық түрік затты халық тілі - біздің қазақ тілі.

Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар.

Тірі болсақ - алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!

Әлихан Бөкейхан

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Адамға ең қымбат нәрсе - жұрт қамы, жұрт ісі.

Білімнің бас құралы - кітап.

Ғылым мен өнер көбейген сайын - бейнет кемиді.

Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ел түзелсін десең - әуелі өзіңді түзе.

Ер еңбегі - елге ортақ.

Арманың болсын - арманға қоса дәрменің болсын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Жігіт қадірі - өнерімен өлшенер болар.

Жалған намыс - қасиет емес, ар сақтаған - қасиет.

Берекені көктен тілеме - еткен еңбектен тіле.

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі - ниет керек, одан соң - күш керек, одан соң -

тәртіп керек.

Жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық - әр кісінің ісі.

Адам көркі - ақыл.

Жауға - жалынба, досқа тарылма.

Мүхтар Әуезов

Қазақ деген ел - бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

Ана тілін тек өгей үлдары ғана менсінбейді, өгей үлдары ғана аяққа басады.

Еліңе опасыздық - туған анаңа опасыздық.

Еліміздің үйытқысы - әдет-ғүрпымыз.

Бақыт деген - еркіндік.

Ғабит Мүсірепов

Әділдікті мойындау - адал кісінің ісі.

Өз үлтыіі сыйламау, оны мақтаныш етпеу - сатқындық.

Ата-ана қадірін біле алмаған - халық қадірін біле алмас, Халық қадіріі білмегеі - ата-аіа қадіріі біле алмас.

Тіл - үлт қасиетін айқындайтын белгі, үлттық салт-сана өзегі.

Қазақ тілі - сұлулығымеі бой балқытып, тамыр шымырлататыі, жаі жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң түста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Халықтық дәстүр - асыл мүра.

Бауыржаі Момышұлы

Мәдеіиеттің мәйегі - кітап.

Рухаіи әлемі кең, рухы биік ел - қайсар ел. Оідай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сыіғаі, рухаіи жүдегеі елді жеңу де - жеңіл.

Шерхаі Мүртаза

Елдің туы жығылмас - тілдің туы жығылмай.

Тілім меіің байрағым

Қадыр Мырзалиев

Мәдеіиет дегеііміз - кісілер арасыіда адам болу өіері.

Олжас Сүлеймеіов

Достық, ең алдымеі, - еркіідік.

Асқар Сүлеймеіов

Ең берік Ат, ең биік Ат, ең баяіды Ат - Азамат!

Елің теңелмей түрып - өзің теңелмейсің.

Әбіш Кекілбайұлы

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірії жақсарту үшіі берілгеі.

## ТЫЙЫМ СӨЗДЕР

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені күшақтау - жалғыз қалудың, қолды төбеге қою - ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу - әдепсіздіктің, асты төгу - ысыраптың белгісі деп танылған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салынған.

Мүндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп. Оның бәрін қамти алмағанмен кейбір үлгілерін қағазға түсіріп үсынып отырмыз.

Дастарханды, тамақты баспа.
Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.
Малды, ыдысты, тамақты теппе.
Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме.
Көкті жұлма, шашыңды жұлма.
Үй айнала жүгірме.
Босағаны керме, құшақтама.
Табалдырықты баспа, отырма.
Үйді сабама, малды басқа сабама.
Бейіт түсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.
Бейітке қолыңды шошайтпа, оған қарап түзге отырма.
Итке ожаумен ас құйма.
Түнде үй сыпырма, түнда тырнағыңды алма.
Үлкендердің жолын кеспе, сөзін бөлме.
Бүйіріңді таянба, жер таянба, иегіңді таянба.
Шашыңды жайма.
Бетіңді баспа.
Тізеңді құшақтама.
Өтірік жылама.
Жұлдызды, адамды санама.
Сыпырғышты тік қойма.
Қолыңды қусырма.
Адамға пышақ, мылтық кезенбе.
Бос бесікті тербетпе.
Құранды, тамақты баспа.
Жақын адамға пышақ сыйлама.
Түзды, күлді баспа.
Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме.
Нанды жерге тастама, үстіне басқа затты қойма.
Бейуақытта жылама, үйықтама.
Бейуақытта кісіге көңіл айтпа.
Бөркіңді теріс киме.

Үйде ысқырма.
Үйге жүгіріп кірме.
Мойныңа белбеу жіп салма.
Айды қолыңмен көрсетпе.
Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, жоғары қарай түкірме.
Шелектегі суға аузыңды батырма.
Ақты төкпе.
Адамды айналма.
Адамға қарап түкірме, есінеме.
Жалғыз ағашты кеспе.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Қызды үрма.
Кісіге, молаға саусағыңды шошайтпа.
Орынсыз күлме.
Кісі айыбын бетіне баспа.
Көп сөйлеме.
Адамға, малға зәбір жасама.
Балаңа басқа үрма.
Ата-анаңа қарсы келме.
Түнде суға барма.
Бетіңді сызба.
Нанды бір қолыңмен үзбе.
Асты үрлеме, асты жамандама.
Тамақты сораптап ішпе.
Қолыңды төбеңе, желкеңе қойма.
Өтірік күлме, өтірік сөйлеме, өтірік жылама.
Ішегіңді тартпа, табаныңды тартпа.
Қыз үлдың, үл қыздың киімін кимесін.
Дініңді сатпа, үлтыңды сатпа, арыңды сатпа.
Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіліңді тигізбе.
Қабірді баспа.
Аманатқа қиянат жасама.
Ант ішпе, әбес сөйлеме.
Өтірік куәлік жасама.
Намазды бүзба.
Құстың үясын бүзба.
Құмырсқаның үясын баспа.
Ұрлық қылма, зорлық қылма.
Тіліңді шайнама, тіліңді тістеме, шығарма.
Саусағыңды аузыңа салма.
Кісі үйінде түрегеп түрма.
Түрегеп түрып немесе жатып тамақ ішпе.
Саусағыңды кеземе.
Аяғыңды түсама, қолыңды байлама.
Көп ішінде қатты сөйлеме, қатты күлме.
Желге қарсы түкірме, желге қарсы дәрет сындырма.
Үлкеннен бүрын сөйлеме.
Үлкеннен бүрын тамақ жеме.
Үлкеннен бүрыіі отырма, жатпа.
Үлкеннің бетінен алма.
Шақырмағаі жерге барма.
Рүқсатсыз үйге кірме.
Жүрт көзінше кекірме, қасынба.

Жүрт алдыіда күлағыңды қасыма, мүріыңды шүқыма.
Жерді сабама, жерді тепкілеме.
Балаіы шошытпа.
Атқа теріс отырма.
Қайықты тербелтпе.
Әдепсіз сөзді айтпа, өтірік айтпа.
Мақтаішақ болма, тәкәппар болма.
Әйелге күш көрсетпе.
Малды боқтама.
Асты қорлама.
Жәідікті жәбірлеме.
Үһілеме.
Маңдайыңды, басыңды үрма.
Отты, ошақты аттама.
Дастархаіды, ыдысты, тамақты аттама.
Жамаі әдетті үйреібе.
Жамаіат шақырма.
Жамаі ырым жасама.
Етбетіңіеі жатпа.
Ерсі қимыл жасама.
Шашыңды, тыріағыңды өсірме.
Кісі төсегііе отырма.
Теріс қарап отырма, жүреңіеі отырма.
Сол қолмеі тамақ ішпе.
Шалбарды басыңа жастама.
Қолыңды артыңа үстама.
Түіде мал саіама.
Түіде күл шығарма.
Таңертеңгі асты тастама.
Көзіңді жыпылықтатпа.
Қолыңды кеудеңе қойма.
Ерііңді шығарма.
Орыідықта аяғыңды айқастырып отырма.
Бала бетііе үрлеме.
Тыріағыңды тістеме.

С.Кеіжеахметұлы

## КИІЗ ҮЙ АТАУЛАРЫ

1. Абылайша - керегесіз, уықтан тігілген шағын киіз үй.
2. Ақ шаңқан үй - сүттей ақ, аппақ киіз үй.
3. Ақтағыр - екі қанатты, екі үзікпен жабылатын шағын киіз үй.
4. Жаппа - керегесіз, киізбен жабылған баспана.
5. Жолым үй - уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ үй.
6. Қара құрым үй - киізінің тозығы жеткен, ескі үй.
7. Қара үй - киіз үйді кейбір жерде қара үй деп атайды.
8. Қараша үй - қоңыр түсті, жыртық, тесік, ескі үй.
9. Орда - еңселі, салтанатты киіз үй.
10. Отау - үлға енші беріп, бөлек шығарған киіз үй.
11. Төңқайма - бірнеше уықпен ғана көтерген киіз үй.
12. Ұраңқай - уық тәрізді сидам ағаштардан басын түйістіріп тігілген киіз үй.

Киіз үй, негізінен, кереге, уық, шаңырақ, есіктен тұрады.
Кереге - киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Кереге қанаттардан тұрады. Қанат сағанақтан

түрады. Керегенің екі түрі болады: желкөз, торкөз. Желкөз қатты желге төзімді, торкөз жаңбырлы күндері су жібермейді. Желкөздің торы үлкен, ағаштары жеңіл, ал торкөздің торы кішкене, ағаштарының сүйектері ауырлау болады. Керегенің сағанақтары қиғаш орналасады. Бір қанатта 20 сағанақ болады. Сағанақтарды бір-біріне қиғаштап қайыспен байлайды. Қайыс түйе, жылқы терісінен жасалады.

Уық - кереге басы мен шаңырақты үстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың діні дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны уық бау деп атайды.

Шаңырақ - киіз үйдің еңсесін құрап, түтастырып тұратын күмбез. Шаңырақтың шеңбері 3-5 метр шамасында болады. Оны көбіне тораңғыдан, сом қайыңнан иіп қиюластырады, қоспаларын жылтырауық металдан құрсаулайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін тоғын дейді, оған уық сұғатын төрт қырлы көз теседі. Тоғынның үстінен түндікті көтеріп тұру үшін айқастыра бекітілген ағаштарды қояды, оны күлдіреуіш деп атайды. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі.

Есік (сықырлауық) - кереге шеңберін түйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік сықырлауық деп аталады. Ол табалдырық пен маңдайшадан, қос босағадан және жарма беттен тұрады. Есіктің жарма беті нәзік өрнекпен безендірілген.

Керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жер туырлық деп аталады.

Шаңырақты жауып тұратын киізді түндік дейді.

Киіз есік - есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Есікті киіз жауып тұрады. Шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен үстарту, сыртқы әбзелдерін бастырып түру мақсатында бау-құралдары қолданады.

Таңғыш - екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр деп атайды.

Белдеу - туырлықтың керегеге тығыз жатуы және оны жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан.

Шалма - уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр.

Баскүр - киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі туырлықтың кереге басына үйкелмеуі үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.

Туырлық бау - туырлықты үстап тұратын әрі әсемдік үшін түр салынған жалпақ құр.

Үзік бау - үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден тағылған, уықтың үстінен айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау.

Бақан - бір үшын (жоғары) екі аша етіп жасаған ұзын сырық. Бақанды майыспайтын, мықты, түзу ағаштан жасайды. Ол киіз үйді тіккен кезде шаңырақты көтеріп тұруға арналған.

Ши - кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылады. Шилер туырлықты кереге көгінің жыртуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі.

Шиді алуан түске боялған қой жүнін шиге орау арқылы жасайды.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

Тақия - Шығыс халықтарына тән бас киімнің түрі. Жеңіл, дөңгелектеп тігілетін бас киім. Үлттық өрнегіне, тігілуіне қарай әртүрлі болады. Тақияны тіккенде бір түсті матадан (сәтен, шұға, барқыт т.б.) таңдаса, төбесі төрт сай немесе дөңгелек, үшкіл төбелі етіп тігіледі. Ерлерге арналған тақиның кестелісі де, кесетесізі де кездеседі. Жиегі қолмен немесе машинамен сырылады. Қыздарға арналған тақиялар әртүрлі жіптермен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі.

Сәукеле - қызды ұзатқанда киетін бас киім. Сәукелені қыз ұзатылғанда күйеу еліне киіп бару

үшін тіктіреді.Сәукеле арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шүға) қапталып, шетін құндыз, кәмшәт терісімен айналдыра тігіледі.
Сәукеленің төбесіне, өн бойына алтын, күміс, маржаннан әшекей тағылып, алтын жібек жіппен кестеленеді. Сәукеленің төбесіне жібектен желек тағылып, оған үкі қадайды.
Тымақ - аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық бас киім. Тымақты ішік сияқты тігілген терісіне байланысты: түлкі тымақ, елтірі тымақ деп аталады. Тымақ төрт сайлы, биік төбелі, суықтан қорғайтындай етіп тігіледі. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы етегі болады.


Кимешек - әйелдердің бас киімі. Кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен тігіледі. Ол басты, кеудені, иық пен арқаны жауып тұрады. Кимешектің кеуде жағын, бет жаулықтарын көмкеріп кестелейді.
Бөрік - қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Бөрік қыстық бөрік (жүн немесе мақта салып тігіледі), жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Бөрікті қыздар да, ер адамдар да киеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшәт бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт сайлы болып келеді және үкі тағылады, асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады. Қазақта әшекейлі, үкілі бөрікті сал-серілер де киген.
Етік - ертеде илеген теріден, бертінде былғарыдан киген. Былғарыдан тігілген етіктің қонышы ұзын болып келеді.
Былғары етік қара, сары, қызыл түсті бояулармен боялады. Қыз- келіншектер қызыл түсті былғарыдан ою-өрнектеп тіктірген етік киген. Оны «сапиян етік» деп атайды. Ал мырза сал-сері жігіттер қара түсті былғарыдан, оюлатып етік киюді әдет еткен, оны «саптама етік» деп атаған.
Мәсі - аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы - өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Мәсіні ерлер де, әйелдер де киеді. Мәсіні жұмсақ былғарыдан немесе құрымнан тігеді.
Кебіс - мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген аяқ киім. Оның басын жұмсақ былғарыдан, табанын қатты үлтаннан биік етіп тігеді. Кебісті оюлап әшекейлеп тігеді.
Саптама етік - қазақтың үлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Саптама етікті қыста киетін болғандықтан, оны сапалы былғарыдан тігеді, ішінен киіз байпақ киеді.
Байпақ - жылы аяқ киім. Киізден жасалады, саптама етіктің ішінен киіледі. Байпақтың қонышы етіктің қонышынан ұзын болады, тізені жауып тұруы керек. Тізе басары былғарыдан, барқытпен, басқа да матамен көмкеріледі.
Шапан - қазақ үшін өте сыйлы киім. Оны қалың матадан қазақтың ою- өрнегін салып, астарлап сырып тігеді. Шапандар әртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз-келіншектерге арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қазақ халқында сыйлы қонаққа шапан жабу дәстүрі әлі жалғасып келеді.
Ішік - аң терісінен немесе мал терісінен матамен қапталып тігілетін қыстық сырт киім. Ішік тон сияқты ұзын тігіліп, сәнді мол жаға салынады.Тігілген терісіне байланысты ішіктің әртүрлі атауы болады: бұлғын ішік, күндыз ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік.
Тон - қойдың терісінен жүн жағы ішіне қаратылып тігіледі, әрі жылы, әрі жұмысқа өте ыңғайлы киімнің түрі. Тон тігіп кию ежелгі қазақ салты болған. Тонға мол жаға салынып, екі өңірі, жеңінің үшы, етегі түсті матамен немесе елтірімен көмкерілген.
Шекпен - қазақтың үлттық сырт киімінің бір түрі. Ол қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылып, көбінесе, шапанға ұқсас үлгімен тігіледі. Шекпеннің арасына жүн немесе мақта салып тігілген түрі жеңіл пальто немесе қаптал шапан орнына киіледі.
Қамзол - жеңсіз жеңіл киім. Жас ерекшелігіне қарай: бір түсті едәуір қалың матадан, жібектен, мақпалдан, атластан тігіледі. Қыздарға арналған қамзолдың өңіріне кесте тігіліп, ою-өрнек салынады. Қамзолдың етегі кең болып келеді. Қазақ халқына кең тараған үлттық киім.
Көйлек, жейде - әйелдердің киімі. Қос етек көйлекке екі, үш етекті қоса тігеді. Кең етекті көйлекке ештеңе қоспай тігеді. Тік етек пен кең етек көйлекті әжелер, бүрмелі көйлекті жас қыздар мен жас келіншектер киеді. Етегінің қатпарына сай, жеңіне де қатпар түсіріледі.

Белбеу - киім сыртынан бел бууға арналған, бір үшы айылбасты былғары (1,5-2 м), қайыс немесе (2-3 м) шүберек. Шүберекте айылбас болмайды. «Бел» және «Бау» сөздерінен қосылып, фонетикалық өзгеріске үшыраған. Былғары сыртына кейде алтын, күміс әшекей орнатылады.

Биялай - қолға киетін киім. Иленген қой терісінен, былғарыдан тігіледі немесе жүннен тоқылады. Бармақтан басқа төрт саусағы біріктіріліп, кейде қажетіне қарай сүқ саусағын даралап та жасайды. Биялайды кей жерлерде қолғап деп те атайды. Ол бес саусақты болады.

**ДӘСТҮРЛІ СУРЕТТЕР**

**«ҚЫЗ ҰЗАТУ»**
**дәстүрі**



**«АЛТЫБАҚАН»**



**Ұлттық тағамның түрі**
**«БЕСБАРМАҚ»**



**«БЕСІККЕ САЛУ»**
**дәстүрі**



**«ҚЫЗ ҚУУ» дәстүрі**



**«ТҰСАУ КЕСУ» дәстүрі**



**АҚСАҚАЛДАН БАТА АЛУ**



**КҮЙ ТАРТУШЫ ҚЫЗ**



**«КӨКПАР» ойыны**



**«ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ» дәстүрі**



**АЙГӨЛЕК**



**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРЫ**



## АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН ЫДЫСТАР МЕН ДОМБЫРАЛАР



## БҮРКІТШІ ЖІГІТ



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Адамбаев Б. «Шешендік өнер», Алматы ,1992.
2. Айдаров Д. «Дәуір және дәстүр», Алматы, 1974.
3. Асанова У. «Айтыс өнерін білгің келсе...», Алматы, 1999.
4. Әуезов М. «Қазақтың халық жүмбақтары», Алматы, 1959.
5. Сәрсенбаев Н. «Қазақ халқының салт -дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары жөнінде», Алматы, 1972
6. Қалиев С, Оразбаев М, Смаилова М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». А;1994 жыл.
7. Табылдиев Ә. «Халық тағылымы. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбиесі». Алматы, Қазақ университеті, 1992 жыл.
8. Қалиев С., Жарықбаев Қ. «Қазақ тәлім-тәрбиесі». Алматы, 1995 жыл.
9. Оразова А. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері, Пәниден бақиға дейін». 1995 жыл.
10. Жарықбаев Қ. Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі Алматы 1994 жыл.
11. С.Қалиев «Қазақтың тәлім тәрбиесі»,Алматы 1995 жыл.



**«Бекітемін»**
«Жан Айнет»жеке меншік
бала бақшасы
меңгерушісі М.К.Калыжанова
**«29» тамыз 2024 жыл**

# «Әдеп сақтау - адамгершілік әлемі» жұмысы бөлімінің *Жұмыс бағдарламасы*

## *«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы*